



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№26 (563)
27 маусым,
2024 жыл



ОТАҒАСЫНЫҢ

ОТБАСЫНДАҒЫ ОРНЫ НЕГЕ ОЙСЫРАДЫ?

– Мәке, соңғы жаңалықтарды естідің бе? Әйел мен балаларға жасалған қылмыс үшін жаза күшейтілді.

– Иә, иә. Күні кеше әлеуметтік желіден оқыдым. Ал сонда біздің құқықты қорғауға арналған заң жоқ па екен? – деп тәтті шәй үстінде әңгімелесіп отырған екі ағайдың диалогын естіп қалдым. Бұл шамамен бір ай бұрын еді.

Қысқа әрі мәнді әңгімеге құлақ түріп, ер адамның, әкелердің қоғамдағы орны туралы сөз қозғауды жөн көрдік.

Адамзат тарихының ең көне кезеңдеріне үнілсек, ерлердің ролі ертеден айрықша болғанын байқаймыз. Ежелде ұл балалар аңшылықпен айналысып, ру мен қауымды азық-түлікпен қамтасыз етуге жауапты болған. Ал орта ғасырларда олардың миссиясы одан әрі күрделене түсті. Жауынгер ретінде майданда ерлік көрсетіп, қасық қаны қалғанша Отанның қорғады. Саясатты да қатар алып жүріп, басқарушы тұлға ролінде маңызды шешімдер қабылдауға ықпал етті.

3-бетте

ДӘСТҮРЛІ ЖУРНАЛИСТИКаның ДӘУІРІ МЕН ДӘУРЕНІ АЯҚТАЛМАЙДЫ


Ғалам да, адам да бүгінде ақпаратқа аш қасқырдың жанарымен қарайды. Көз ілеспес жылдамдықпен дамып бара жатқан дәуірде қазір бәрі қызық. Жердің асты, көктің үсті, теңіздің түбіне дейін не болып жатқанын білін отырғысы келеді адамдар. Қоғам ішіндегі, ел өміріндегі, желден де жүйрік жүйіткітін жаңалықтар тез әрі жылдам жеткізілуімен күнды болып тұр. Ерте гүлдеп, жылдам солатын «тіске басар» жаңалықтар шаштың түгінен де көп.

Тіпті халық сондай шулы, даулы, «жаға ұстататын» мәліметтерді миына құйып жатыр. Самсаған сайттар, құмырсқадай қаптаған желі жазбалары жұрттың «өсек жеткізушісі» ғана болып қалғандай. Амангелді Сейтқановтың «Жиырма жыл бұрын жылағам. Журналистика жаны алқымда екенін сезіп... Он тоғыз жыл бұрын өзіме көңіл айттым.

Қазір, тіпті іздемеймін де...» дегені көңіл терезесіне тас атқандай әсер қалдырады. Сөзі сүйектен өтетін, мағынасы мірдей, пайым мен парасаты бар, жанры жан-жақты басылымдар оқыла ма? Әлде «әлеуметтік желінің күні келді» деп, бөркін аспанға атып, дәстүрлі журналистиканың жаназасын шығаруға бейім пысықайлар көбейді ме?



4



«500 ҒАЛЫМ» ЖОБАСЫ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУҒА ҮЛКЕН ҮЛЕС ҚОСАДЫ

«Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында отандық зерттеушілер шетелде біліктілігін арттыруда. Осы орайда Ұлыбританияның Рединг университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп жүрген жерлесіміз, жас ғалым Серікхан Жүзеевпен сұхбаттасуды жөн көрдік.

– Серікхан, тұманды Альбион елінде бірнеше айдан бері білім алудасыз. Оқу, зерттеу жұмыстарыңыз журналистика саласына байланысты болар...

– Қазақстандағы ЖОО-да журналистика мамандығының студенттеріне сабақ бергеніммен, бұл тағылымдама ақпарат саласымен тікелей байланысты емес. Негізінен, мен білім берудегі менеджмент саласы бойынша тағылымдамадан өтудемін.

Ұлыбритания білім берудегі менеджментке ерекше көңіл бөледі


және бұл бағыт бойынша дамыған елдердің бірі болып саналады. Мұнда білім беру жүйесінің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін үздік басқару әдістері мен стратегиялары қолданылады. Мысалы, Оксфорд және Кембридж, Рединг университеттері білім беру менеджментінің озық үлгілерін көрсетіп, әлемдегі ең үздік университеттер қатарында тұрақты орын алады. Ұлыбританияның бұл саладағы тәжірибесі мен жетістіктері білім беру саласында жоғары стандарттарды қамтамасыз етеді.

«500 ғалым» жобасы Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған және әлемнің жетекші университеттерінде тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Осы бағдарламаның арқасында білім берудегі менеджмент саласында тәжірибе жинақтаудамын. Алдағы уақытта еліміздің білім беру жүйесін дамытуға өз үлесімді қосуға ниеттімін.

Білім берудегі менеджмент оқытудың сапасын жақсарту, оқу процесін тиімді ұйымдастыру

және студенттердің білім деңгейін көтеруге үлкен ықпал етеді. Мақсатым – оқу орнындағы менеджмент жүйесін жетілдіру және журналистика саласындағы білім беруді жаңа деңгейге көтеруге атсалысу. Тағылымдама барысында алған білімім мен тәжірибемді студенттерге қазіргі заманғы талаптарға сай білім беру үшін қолдануға тырысамын.

5



ҰБТ:

ТЕСТІЛЕУ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Елімізде 20 жылдан бері үздіксіз Ұлттық бірінғай тестілеу өтіп келеді. Бұл – мектеп түлектерінің жоғары оқу орнына түсуіне ықпал ететін 120 сұрақтан құралған емтихан. Оқушылар болашақ мамандығын таңдаған сәттен бастап тестілеуге дайындала бастайды.

Елімізде биыл мектеп бітірушілердің саны – 188 245-ке жетті. Екі рет тапсыру мүмкіндігін ескере отырып, 330 116 адам тестілеуден өтуге өтініш қалдырды, оның 293 186-ы биылғы мектеп түлектері. Емтихан 5 ішідеге дейін жалғасады деп күтілуде.

Тестілеуге берілетін 240 минут ішінде талапкер жалпы саны 120 сұраққа жауап береді. «Қазақстан тарихынан» – 20, «Математикалық сауаттылықтан» – 10 және «Оқу сауаттылығынан» – 10, ал бейіндік пән бойынша 40 сұрақ болады.

8

«СӘНДІ СӨЗДІҢ» МӘНСІЗ МАҒЫНАСЫ

Тіл құндылығы биігінен аласармас үшін таңғы шықтай тұнық тазалығына кір жұғып кетпеуі тиіс. Ал біз сөйлеу мәдениетіміз нағыз қазақтың қалыңты тілі деп айта аламыз ба?

«Қазақ – бауырмал халық» деп ұрандатқандар елдің ділі ғана емес, тілі де бауырмал болып бара жатқанын сезсе керек. Себебі тіліміз түрлі неологизмдерді өзіне тез енгізсе, архаизмдеріміз рухани езгінің астында ұмытылып қалып жатыр десек, жалған емес. Сөздік қорымызға еніп жатқан түрлі терминдер де қазақшаға аударылмай, бірден қолданысқа енуі де қазақ тілінің аясын біртіндеп тарылтып келе жатыр. Әдетте бұрынғымен салыстырып жатамыз. Орыс тіліне иммунитеті бар кезде, бір жағы тілге құрметі болар, өткен ғасыр басында бабаларымыз тілге жаңа орыс сөзі енетін болса, оны сол күйінде бүгінгідей сайрай жөнелмей, ана тілге аударып, «тіл сындырып», қазақша нақышқа келтіріп қолданған. Мысалы,

«бөтенке», «самаурын», «тәрелке», «кереует», «жәшік», «мәшік», «бөтелке» деу арқылы тіл тазалығын сақтауға тырысқан.

Бүгінде тіліміздің бүлінуі белең алып, шұбарлануына орыс тілі аз болғандай, жаргон сөздер де жағадан алып барады. Негізі жаргон әлеуметтік диалект болып саналады. «Айналымдарды ерекше лексикамен және фразеологиямен, экспрессиялықты әңгіме аралық тілден және сөз жасау құралдардың ерекше қолдануымен айырмашылықтары болады, алайда меншікті фонетикалық және грамматикалық жүйеге ие болмайды» деп, ғылыми түрде түсініктеме беріліп жүр. Бірақ жаргон сөздер – жастар арасында ауызекі сөйлеуде

жіі тараған әдеби мән-мағынасы жоқ үйлесімсіз сөздер. Кейбірі құлаққа түрпідей тиіп, кейбірі тіпті дереккі естіледі. Қыңжылтарлығы, қазақ жастары жаргон қосып сөйлеуді сан қылып алған. Өздерінің тілінде айтқанда, жаргон қосып сөйлесем «колхозсын», қосып сөйлесем, қазақтың қара сөзі ала шұбарланады.

Бұл ғана емес, осы секілді сөздер барлық сала өкілін дендеп келеді. Нақтырақ болу үшін жаргон сөздерді мынадай топтарға бөліп қарастырақ болады. «Әскери жаргон», «Журналистік жаргон», «Компьютер сленгі», «Жастар сленгі», «Радиоәуесқой жаргон», «Сленг нашақор», «Футбол бұзақыларының сленгі», «Қылмыстық жаргон». Осылардың ең көп таралғаны және ең қауіптісі болып тұрған осы – жастар сленгі.

Бір мысал келтірейік. Біз тарихтағы бабаларымыздың ерлігін суреттегенде

ұмытылып бара жатқан тарихи сөздерді қосып, дуалы әңгімелердің майын тамызып тұрып айтамыз. «Әбілмансұр сұрапыл соғыста қаймықпастан атаға кеткен кекті қайтарам деп қылышын қанға суарған. Жоңғар қонтайшысының басын шапқанда күллі қазақ «Аруақ, аруақ» деп айқайлады» дейміз әсерленіп. Ал, енді қараңыз, бүгінгі ұрпақ бүгінгі өмірді сұррауға үшін бірнеше жылдан кейін қандай теңеулер айтатынын елестетіп көріңізші. Сол жастардың әңгімесі меніңше мынадай болатын сияқты. «Менің аташамның басын кетірген де ол «тема не тема айтшы шешу үшін жүрік қой» деп, қрышасы келген. Менің аташам «миді шірітпеш, ей қуғынбай, өзім шешем» деді де, кінәлі адамды сағыздай шайнап тастаған.

2-бетте

Басы 1-бетте

Шекті ұпайларға тоқталатын болсақ, жас түлек «Құқық» және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салаларына оқуға түсу үшін 75 балл, «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» 70 баллдан төмен емес ұпай жинауы тиіс. «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» ең төменгі ұпай – 60 балл (ұлттық ЖОО үшін), ал ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін кемінде 65 балл, басқа жоғары оқу орындарына кемінде 50 балл жинау керек. «Қазақстан тарихы» және екі бейіндік пән бойынша шекті балл – 5 балл, «Оқу сауаттылығы» және



ҰБТ: ТЕСТІЛЕУ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

«Математикалық сауаттылық» бойынша шекті балл – 3 балл.

– Биылғы ҰБТ-да жанашылдық көп. Жауап нұсқаларын бестен төртке дейін қысқарттық. Сондай-ақ бейіндік пәндерде екі ұпайдан тұратын 10 сұрақ бар. Ондағы сегіз нұсқаның үшеуі дұрыс болуы мүмкін. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, оларды алтыға дейін қысқарттық. 2017 жылдан бастап ҰБТ ұпайлары бағаға ауыстырылмайтын билеңділер. Былтыр тақырыптық талдау түрінде ауқымды деректермен үлкен жұмыс жүргізілді. Бұрын әр талапкер тек сандары бар талдау картасын алса, енді жеке кабинеттен тақырыптық талдауды да көре алады. Онда қандай тақырыптар бойынша сұрақтар кездесті әрі олар қай кезенді қамтиды, қай жерден кәте кетті және қандай тақырыпқа жақсы дайындалуы керектігі көрсетілді. Ұлттық тестілеу орталығының сайтында сұрақтар әзірленетін оқу құралдарының тізімі көрсетілген. Әр пән бойынша техникалық сипаттамалар қамтылған. Орталықтың ресми ресурсында тегін онлайн-тесттерді іске қосып, Екі айда бір рет базаны жанартамыз, – деді республикалық Ұлттық тестілеу орталығының басшысы Руслан Емелбаев.

Жауапты министрліктің кейінгі статистикалық мәліметтері бойынша ҰБТ бағалары шекті балды 76% талапкер жинады. Орташа балл – 68-ді құрады. Ең жоғары балл – 138, осы кезге дейін 8 адам 137 балл жинады. Ал аймақтағы жүрегі үмітке толы жас талапкерлер ҰБТ-дан жоғары нәтиже көрсетуде.

БАҚ өкілдеріне арналған кейінгі статистикалық деректерге сүйенсек, өңірдегі ҰБТ нәтижелерінің орташа баллы – 87 ұпайды құраған. Ал бұл өз ретінде қызылордалық түлектердің тестілеуге қарқынды және жақсы дайындалғанына дәлел бола алады.

Бұрын шығармашылық бағытты таңдаған оқушылар «Математикалық сауаттылықтан» тест тапсырмаушы еді, дегенмен биылдан бастап жүйеге өзгеріс енді. – «Математикалық сауаттылықтан» тест тапсырмалары өмірде математикалық логика бойынша алған білімін, дағдыларын қолдана алуын тексеруге бағытталған. Сондықтан бұл пән барлық тест тапсырушы үшін міндетті, – деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Өңірдегі тестілеу орталықтарына тоқтала кетсек. Облыста жұмыс істейтін 4 тестілеу пункті бар. Олар Қызылорда қаласында, Арал, Қазалы және Жанақорған аудандарында орналасқан. Өткен жылдары аралдық түлектер тест тапсыру үшін Қазалы ауданына қатынап, біраз ата-ана мен оқушы әбгеріге салынған еді. ҰБТ-ға қатысуға ниет білдірушілердің көптігі ескеріліп, мұнда алғаш электронды форматта тестілеу пункті іске қосылды. Қаңтар айындағы іс-сапарында Республикалық Ұлттық тестілеу орталығы басшысы Руслан Емелбаев болашақта Аралда Ұлттық тестілеу орталығының филиалын ашу жоспарын қарастыратынын айтып өткен болатын. Ал қазірше ҰБТ пункті болып

Ұзақбай Қараманов атындағы №262 мектеп-гимназиясы таңдалды.

Биыл облыстан ҰБТ-ға 8 240 түлектің 7 391-і немесе 89,7%-ы қатысады деп күтілуде. 11-сыныпты бітірген 8 240 оқушының 579-ы «Алтын белгінің», 856-сы «Үздік аттестат» иегері. Жалпы жауапты министрліктің мәліметіне сүйенсек, гранттар саны 2023 жылға қарағанда 23%-ға артқан, яғни бас-аяғы 112 мың грант бөлініп отыр.

Бүгінде жас талапкерлер тегін оқу үшін кейде өзі қаламаған мамандыққа дайындалады. Көбіне «физика-математика», «биология-химия» комбианациясын таңдайды, себебі бөлінетін гранттың көбі осы салаға бағытталған. Блім грантын жеңу әр ата-ана үшін маңызды көмек. Себебі ақилы оқу көптеген отбасының қалтасына ауырлық етеді.

– Мектеп бітіруші түлектердің әрі қарай өмірде өз жолын тауып, жоғары оқу орындары мен колледждерге оқуға түсіп, маман болып шығуы аса маңызды. Орта есеппен бір грантты 800 мың теңге деп алсақ, 2023 жылы 4 973 бала мемлекеттік грант иеленген, яғни, осы балалардың отбасына 3 млрд 978 млн 400 мың теңге инвестиция келген. Бұл дегеніміз – тұрғындар үшін айтарлықтай жеңілдік, – деді аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев.

Жыл сайын жүйесі өзгеріске ұшырайтын ҰБТ көп түлекке уайым. 2017 жылы ҰБТ тек жоғары оқу орындарына түсуге арналған тест болып белгіленді. Оған дейін тесттің нәтижесі түлектің қорытынды бағасына, «Алтын белгіге», қызыл аттестатқа, керек десеңіз өңір мен аудан-ауылдардың білім рейтингіне әсерін тигізетін болған. Алайда енген өзгерістерден кейін аталған сауал біржақты болды. Бүгінде тесттен шыққан қорытынды тек баланың өзіне ғана мәлім. Мектепке не болмаса ата-анасына оқушының нәтижесі туралы ақпарат берілмейді.

Нұршат НЫШАНОВА

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАЛЫ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАЛАҒАШ

СЫРДАРΙΑ

ШИЕЛІ

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАСТАР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Жастар бизнес лагерьде бас қосты

Бизнес лагерінің алғашқы күні кәсіби білікті тренер, кәсіпкер, білім саласының сарапшысы Наталья Мишукова табысты бизнес жүргізудің талаптарына кез келген бизнес жобаны бастар алдында міндетті түрде әдебиетті оқуға кеңес берді. Мақсат қою, уақытты басқару, ынталандыру, идеяларды білуге және өз елінің бизнес ерекшеліктерімен танысуға отандық авторлардың кітаптары көмектесетінін атап өтті.

Аймақта әлеуметтендірудің ешбір әдістерімен қамтылмаған 15-34 жас дейінгі жастардың үлесі 7,5%-ға төмендеді. Бұл бағытта жастардың әлеуетін көтеріп, кәсіпкерлік дағдыларын жетілдіру басты міндет.

Әлеуметтік маңызы бар бизнес жобаларды оқыту мен іске асырудың арқасында NEET санатындағы жастарды оң және нәтижелі қызметке тартудың бірегей тәжірибесі қалыптасты. Бұл мақсатта аталмыш топтағы жастарға басымдық беріле отырып мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды насихаттау, кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету үшін бизнес лагерь өткізілуде. Аудан және қаладан келген 70-ке жуық жас 2 күндік лагерьде білім алады.

Балық аулау жарысы

Қамыстыбас елді мекені «Кәрібөгет» учаскесінде балық аулаудан жарыс өткізілді.

Жеке құрам және азаматтық қорғау органдарының ардагерлері, зейнеткерлері арасында достық қарым-қатынасты, салауатты өмір салтын қалыптастыру әрі біріктіру, өзара тәжірибе алмасу және мықтыларды анықтау мақсатында өткен жарысқа Арал және Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері, №3, №9 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі және Жалағаш ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері және зейнеткерлері, сонымен қатар Қамыстыбас желді құтқару жасағы құтқарушылары қатысты.

Жарыс нәтижесінде І орынды Қазалы ауданының командасы иеленсе, ІІ орынды Жалағаш, ІІІ орынды Арал ауданының командасы иеленді. Жарысқа қатысушыларға алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табысталды.

Сала мамандарына құрмет

Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында Мемлекеттік қызметшілер және ҚР Полициясы күні кәсіби мерекелеріне орай салтанатты шара өтті.

Жиньда аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет ел үшін ерен еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген қос саланың қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, ізгі лебізін жеткізді.

Мерекеге орай туған жердің дамуы мен қоғамның тыныштығы жолында аянбай қызмет етіп жүрген бірқатар азаматқа Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің бұйрығымен І дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» ІО, І5 және 20 жылдық төсбелгілері, облыс және аудан әкімінің, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының «Алғыс хаты» және «Қызмет» салалық кәсіподағының «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгілері табысталды. Сонымен қатар жас мемлекеттік қызметшілердің ант беру рәсімі де өтті.

Салтанатты шара соңында аудан өнерпаздарымен қатар, мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлері де өнер көрсетіп, жиыландарға ерекше, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ сала ардагерлеріне аудан әкімінің мерекелік сый-сияпаттары тапсырылды.

Зияткерлік сайыс

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мерекесі қарсаңында «BastimeQuiz» интеллектуалдық сайысы өтті. Білім додасына кент, ауылдық округ әкімдері мен бөлім басшылары және қызметкерлері, медицина мамандары, жалпы 29 мемлекеттік мекемеден 10 команда қатысты.

Сайыс қорытындысы бойынша «Денсаулық» командасы топ жарса, екінші орынға «Лидер» (Ақжар, Ақтөбе, ІІІ Интернационал, Жаңақент елді мекендерінен құралған), үшінші орынға «Тұлпар» командасы (аудандық экономика және қаржы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінен құралған) тұрақтады.

Қармақшы ауданынан бастау алған ойын облыстық ақтық сайысқа ұласады. Нәтижесінде І орын алған команда облыстық кезеге жолдама алды.

«Жалағаш – 2024» марафоны

Жалағаш ауданының 85 жылдығына және мемлекеттік қызметшілер мен Қазақстан полициясы күніне орай «Марафон – 2024» атты ұзақ қашықтыққа жүгіруден аудандық жарыс өтті.

Марафонаға аудан бойынша 400-ге жуық адам қатысты. Жалағаш кенті, Дәуімбай елді мекеніндегі «Реміздер» аллеясынан бастап жүргізілген марафоншылар кент көшелерінен өтіп, орталық стадион алдындағы мөре сыйығына келіп тоқтады.

Бұқаралық спортты дамыту мақсатындағы спорттық шараға мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, жастар, еріктілер және аудан тұрғындары қатысты.

Жарыс нәтижесінде жүлделі І орынды Бұқарбай аудан ауылынан келген Бекнұр Толыбайұлы жеңіп алса, ІІ орынды Бұқарбай батыр ауылынан келген қатысушы Нұржан Шаймырзаұлы иеленді. Жалағаш кентінің тұрғыны Бисембай Асқар ІІІ орын иеленді. ІV-V орын иеленген қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары мен Алғыс хаттар табысталды.

Көшпелі алқа отырысы

Аудандық мәдениет үйінде Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының көшпелі алқа отырысы өтті. Алқа мәжілісіне басқарма басшысы Мира Қазбекова төрағалығы жасап, Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Самат Смағұлов, Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Гани Сүлейменов, Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Димаш Байдушев және сала мамандары қатысты.

Күн тәртібі бойынша Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарындағы мәдениет үйлері мен клубтарда «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасының жүзеге асырылуы және жүргізілген мониторинг жұмыстарының қорытындысы жайлы облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының басшысы Ж.Құрмасымова және кітапхана саласына жүргізілген мониторинг жұмыстарының қорытындысы туралы Ә.Төжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы басшысының орынбасары А.Жанғабылова баяндама жасады.

Көшпелі алқа отырысы барысында басқарма басшысы берілген тапсырмалар дер кезінде орындалуын қатаң қадағалауға алуды тапсырды.

Шиелі даусы – 2024

Шиелі кенті әкімдігінің қолдауымен, «Арман мәдениет үйі» ұйымдастырған «Шиелі даусы 2024» мега жобасының «Көрмей таңдау» кезеңі жоғары деңгейде өтті. Жобаның басты мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында өн өнерінің негізін қалыптастыру, вокалдық тұрғыдағы маңызды, сауатты, кәсіби деңгейдегі біліммен бөлісу.

Мега жобадан дәстүрлі әнші, жыршы, жырау, Нартай өнер үйінің директоры Мұхамедәлі Бекпейсов, «Мәдениет майталманы» төсбелгісінің иегері Дәурен Беркімбаев, республикалық байқаулардың жеңімпазы Меруерт Дүйсебай тәлімгерлік жасады.

«Мүмкіндіктер керуені» жастар жәрмеңкесі

«Мүмкіндіктер керуені» жастарды әлеуметтендіруге бағытталған жобасы Жаңақорған ауданының Жаманбай батыр ауылдық округінен бастау алды. Жәрмеңкеге кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, қаржы және экономика бөлімі, аудандық мансап орталығы, аудандық аурухана, жастар денсаулық орталығының мамандары қатысып түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар бос жұмыс орындары ұсынылып, мемлекеттік бағдарламалар бойынша кең көлемде ақпарат берілді.

Аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен арқан тартыс, ләңгі тебу, асық ату спорттық сайыстары ұйымдастырылып, жастар алғыс хат, медальдармен марапатталды.

«АЖ» ақпарат

ЭЛЕКТРОМОБИЛЬ ЭКОЛОГИЯ МЕН ЭКОНОМИКАҒА ДЕМ

Бүгінде көліктің сан алуан түрі бар. Біреулер әлі күнге дейін BMW мен Mercedes-тің қуаттылығын салыстырып, сергелдеңе салынаса, енді бірі басын ауыртпай, газы мен тежегіш тетігін дұрыс басаң болды, өзі-ақ басқаруға икемді көлікті таңдайтын болған. Осы тақырып аясында бензинмен басқарылатын көлікке қарағанда ұтымды, төпкен жүретін темір тұлпардың ерекшеліктеріне тоқталатын боламыз.

Қазір әлем уайымдайтын басты мәселелердің бірі – қоршаған ортаның ласлануы. Экологияға әсер ететін әртүрлі фактор бар, көлік құралы соның бірі еді. Кейін мұндай бағасы шарықтап, көлік тұтынушыларына қолайсыздық тулдырды. Дегенмен бұл мәселе өз шешімін тапқандай болды, себебі технодронды заман жетіліп, қолданысқа электромобиль кеңінен ене бастады.

Ең алдымен мұндай көліктердің қалай пайда болғанына тоқтасақ, 2020 жылы әлемдегі электромашинаның үлесі небәрі 0,7%-ды құрады. Бүгінде олардың сапасы мен саны артып, осы көліктерді құп көретіндердің қатары көбейді. Бұл көліктер бұрыннан қолданыста жүрген көліктерге қарағанда ертерек жарық көрген дүние десек те болады. 1828 жылы венгр өнертапқышы Аньош Йелли автомобильге қарағанда скейтбордқа ұқсайтын электр қуатымен жүретін арба жасады. Десек те 1841 жылы арба іспеттес алғашқы электромоторлы көліктің тұсауы кесілген.

Басты ерекшелігі – олар аккумуля-

лятор батареяларынан күш алатын электрокозғалғыш арқылы қозғалады. Сондай-ақ тәуелсіз энергия көзінен қуат ала отырып, бір немесе бірнеше электр қозғалтқышы арқылы ершектеленеді. Дегенмен бұл көліктерді басқару жүру шақырымы ұзақ жолдарда немесе суық ауа райында қиындық туғызады. Электромашиналар батарея көмегімен қозғалатындықтан, өз сыйымдылығын азды күндері және климаттық ауа райы өте ыстық болған сәтте жоғалтуы мүмкін. Яғни шақырым қоры азаяды, ал бұл машинаның ұзақ уақыт қызмет ететініне кепілдік бермейді.

Енді әлемде көш бастап тұрған электромашина маркаларына тоқтала кетсек. Әлемдегі ең бай адамның бірі Илон Маск басқаратын «Tesla Motors» америкалық электромобиль өндіретін компанияның жетістігі жетерлік. Қазірдің өзінде көп мықтыны шаңында қалдыратын Tesla көліктері әлемдік дәрежеде жоғары сұранысқа ие.

Tesla электрқарларының ерекшеліктерін атап өтсек. Бұл көліктер бензиннің көмегімен, яғни батарея арқылы қозғалады. Олардың аккумуляторлық батареялары экологиялық және экономикалық тұрғыда өте ұтымды. Толық қуатталған Tesla көліктері айтарлықтай қашықтықтарды өтсе алады, онымен қоса олар өте жайлы және жылдам болып келеді. Ақылды көлік қауіпсіздікті қамтамасыз ете алады.

Электромобиль саласында Tesla-дан асып өшкім шықпады деп ойлау кәте, себебі қытайлық

өнертапқыштар да бұл салада өзіндік із қалдырды. Олар шығарған «BYD» маркалы көліктерін көше жолдарынан көріп те жүрген болармыз. 8 секунд ішінде 100 км/сағатты лезде өтсе алатын қытайлық темір тұлпар 5 адамға арналған. 179-дан 197-ге дейін жылқының күші бар электромобильдің жүру қоры толық қуаттау кезінде 500 шақырымнан астам жолды еш қиындықсыз жүріп өте алады.

Темір тұлпарлар қатарын көлік нарығындағы көшбасшылардың бірі, «жылдамдық» сөзіне синоним болып кеткен BMW компаниясының электрқарлары жалғастырады. Олар 3 көлікті ұсынып отыр: бес есікті хэтчбек i3, спорттық купелі i4 және i4 M50, сондай-ақ кроссовер iX. Ұқылыты ойландырылған дизайн, қуатты қозғалтқыштар, озық технология қауіпсіздіктің жоғары дәрежесін ұсына алады. BMW компаниясы ұсынған электрқарының кемшілігі деп бағасының қымбаттығын ғана айтуға болады.

BMW-ның i3 көлігі толық қуатталған болса, 130-200 шақырымды өтсе алады. Ал қуат диапазоны толық спорттық купелі i4 және i4 M50 көлігі тоқтаусыз 511 шақырымды жүріп өтеді. Кроссовер BMW iX xdrive40d бір зарядта 425 шақырым жүруге арналған 71 кВт/сағ батареямен жабдықталған. Xdrive50i-де қуатты батарея орнатылған (105,2 кВт/сағ), ал паспорт бойынша бұл 630 шақырым жолға жеткілікті.

Жоғарыда сатылымы жоғары электрқарылар атап өттік. Десек те көліктердің қатарын әлі де жалғастыра беруге болатын еді. Кейінгі статистикалық мәліметтер бойынша электромобильдің сатылымы әлемде 6,75 млн-ды құрап, электрқарға қызығушылығы артқан көлік тұтынушыларының көбейіп келе жатқандығы мәлім болды. Ерекшеліктері ауыз толтырып айтарлықтай болғанымен, шынайы бағасын беретін тек сіз, оқырман.

Қорлан САРЫ



Басы 1-бетте

«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектен
Бере алмайды»Отағасының
отбасындағы орны
неге ойсырады?

Ин-дустрализация дәуірі басталғаннан кейін ер адамдардың еңбегі өндірістік секторда айқындала түсті. Олар зауыт, шахта және құрылыста еңбек етіп, экономиканың қозғаушы күшіне айналды. Жігіттердің тарихтағы ролі әрдайым қоғамның дамуы мен өзгеруіне тікелей ықпал еткен. Әр дәуірдегі міндеті мен жауапкершілігі заманына сай өзгеріп отырса да, олардың маңызды орны ешқашан жоғалған емес.

Ертеден-ақ ер адамдарға деген сыйластық ерекше. Олардың сөзін жерге тастамау, кеңестеріне құлақ асу – қазақ қоғамындағы ұстанымдардың бірі. Жігіттер өздерін ерлікке, адалдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеп, қоғамның сеніміне ие болуға тырысқан. Халқымыздың бай тарихы мен мәдениеті ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерге негізделді. Ер адам – жігер мен алып күштің символы. Ел басына күн туғанда негізгі басымдық ерлердің мойнында болған. Бұл – ерте заманнан қалыптасқан мәбі. Ерліктері жыр-дастандарда, эпостарда жырланып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып жетті.

Беркінің садақ асынбай,
Біртіндеп жауды қашырмай,
Білгеніде дос салмай,
Қорасакқа кол салмай,
Қозы жаурын оқ алмай,
Атқан оғы жоғалмай,
Балдағы алтын құрыш болат,
Балдағынан канға боялмай,
Қасарысқан жауына
Қанды көбік жұтқызбай,
Халыққа жентек атанбай,
Ерлердің ісі бітер ме? – деп жырлаған еді Махамбет Өтемісұлы.

Әкенің сөзі қасиетті һәм құдіретті. Әке – өмірдің мәні мен мағынасын ұғындыратын, жүректі терең тебіrentегін даналықтың көзі. Айтқан әрбір сөзі – болашаққа бағыт-бағдар беретін шамшырақ, ұрпаққа қалдырылған ұлағатты мұра, жүрекке жететін ізгілік пен мейірім. Ақыл мен парасаттың, өмірлік тәжірибенің қайнар бұлағы. Оның «балам, жақсылық жаса, адал еңбек ет, өзінді сыйла» дегені кенес қана емес, рухани тәлім-тәрбие.

Қазақта әкенің мәртебесі әрқашан биік есептелген. Бұған тарих тақтасы дәлел. Мұхтар Өзезовтың туындасы «Абай жолында» Құнанбай мен Абайдың байланысы, отбасындағы әкенің орны ерекше суреттелген. «Әке балаға сыншы» демекші асақалдар мейірім мен махаббатын сын түрінде де жеткізуді ұмытпаған. Мәселен Шоқан Уәлиханов 3 жасында хат таныған. Әліпкіті ұран еткен билер алғашқы мүшел жастарында-ақ ел ісіне араласқан. Мұның барлығы баланың өміріндегі әкенің ролі емес пе?

Мұндайда «шарықтап кетсем дағы қанат қағып,
Өзіндей қамқор адам қайда маған?!» – деген өлең жолдары ойға оралады.

Әке мен бала арасындағы қарым-қатынас құндылықтардың айқын көрінісі. Ол – отбасының тірегі, балаларына өмірлік бағыт-бағдар беретін ұстаз. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, әкесімен жақын қарым-қатынаста өскен балалар өз-өзіне сенімді, жауапты және эмоционалдық тұрақтылығы жоғары болады.

«Әкелі бала жауғұрқ, жиын-тойға барады,
төрден орын алады, бітіреді жұмысын,
тастан да өткізер жебесін, әкесіз бала – сужүрек,
жиын-тойға барады, босағада қалады» деген Бұқар жыраудың өнегелі сөзі бала тәрбиесінде әкенің орны маңызды екенін нақтылайды. Отбасындағы ер адамның балаларымен өткізген уақыты, жұбайымен қарым-қатынасы отбасылық бақыттың кілті екені сөзсіз.

Өлемде жүздеген мамандық түрі бар. Бірі алып ғимараттар салса, бірі жаһандық мәселелерді шешеді. Қиын мамандықтар тізбегіне жатпайтын, тіпті бағаланбайтын, бірақ сұранысқа ие мамандарды шаң қаптыратын сала – ата-ана болу, бала тәрбиелеу.

Бірде қарт Құнанбай баласы Абайды шақырып: «балам, сен әкеңе жете туғансың ба, өте туғансың ба?» деп сұрады. Сонда Абай: «әке, мен өте туғанмын, өйткені мен ақын болдым» деген екен. Аз ғана ойланған дана Құнанбай: «жөк, сен маған жете тудын. Өте туу

үшін
Абай се-
кідлі бала тәрбиелей
алуың керек» деп жауап қатқан деседі.

Құранның өзінде жазылғандай, әйел затты әлсіз әрі қорғасыз, сол себепті еркегінің қорғауы мен тәрбиелеуіне мұқтаж. Сондықтан да, әрбір отбасында еркек өзінің ілім-білім дәрежесін көтеріп, сол ілімімен әйелін, жалпы отбасы мүшелерін сусындандырып, рухани азық беріп отырса, сонымен қатар материалдық азықпен де қамтамасыз етіп отырса, әйелі сол ерінің берген азықтарына ие болып отырса, сонда ғана шаңырағы биік, керегесі берік бір отбасы болмақ. Себебі, әйелдің және отбасы мүшелерінің иманы, рухани ілімінің деңгейі отағасына байланысты. Отағасы сөзінде мынаны да жиі айтушы еді: «Ер тал – болса, әйелі – шырмауық. Тал неғұрлым биік өссе, шырмауық та сол талды бойлай биікке өрлейді. Ал тал тапал болса, шырмауық та сол талдың деңгейінде ғана болмақ. Алайда, талсыз жерде, аяқ астында жайылып жатқан шырмауыққа сән де, мән де болмайды». Міне, ендіге отбасындағы ер азаматтың рухани деңгейі неғұрлым биік болса, жарының да рухани әлемі соғұрлым бай болмақ.

«Барлығың да бақташы секілдісіңдер және барлықтарың қоластыларыңдағыларға жауап бересіңдер. Басшы – бақташы. Ер адам – отбасының бақташысы. Әйел – ерінің шаңырағы мен балаларының бақташысы. Қысқасы, әрбір бақташысыңдар және өздеріңе бағынышты жандар үшін жауаптысыңдар», – деген. Бұл хадисте еркектің отбасына, әйелі мен балаларына басшы екені, ал, әйелдің балалары мен күйеуінің тапқан дүние-мүлкіне басшы екені айтылады. Қазіргі таңда, өкінішке қарай, еркегі өзінің басшылық қызметін атқара алмай оның орнына әйелі басшылық қылып отырған отбасылар да көп. Қазақта «қатын бастаған көш оңбас» деген сөз бар. Міне, осындай отбасылардың тіреуіші аласа болғандықтан, шаңырақтың пердесі сүйкімсіз көрінері сөзсіз.

Осынау отбасы деген кішкентай мемлекеттің патшасы өз орнында отырып, әйелін өз орнына тағайындаса, осы бір мемлекеттің шаңырағы биік, босағасы берік, болашағы жарқын болары хақ.

«Жақсы әйел күйеуін дан қылады, жаман әйел күйеуінің басын дан қылады» дейді қазақ. Жаман әйел болып, күйеуімздің басын дан қылудан сақтап, қазақтың салихалы анасы, инабатты, ибалы келіні болып, күйеуімзді Хан қылып отырды жазсын Алла! – деді қазақ келіні

– «Әкеге қарап ұл өсер». Қанға сінген қасиет бүгінде осы нақылмен өрнектелді. Ұлың болашақта ер-азамат ретінде өз әкесінен қандай қасиетті сініріп өсуі керек? Жалпы, әке мен бала арасындағы байланыста не нәрсе маңызды? Осы сауалға жауап іздеу барысында психолог-мамандар әңгімелескен болатыны.

– Әке мен бала арасындағы байланыс ұл баланың тұлғалық қалыптасуына, болашақта әке ретінде өз ролін атқаруына үлкен ықпал етеді. Әкеден балаға жауапкершілік, құрмет, еңбекқорлық, қамқорлық сынды қасиеттер дариды. Себебі бала көргенін жасайды. Егер отбасындағы ер адам сүйіспеншілік көрсетіп, адал еңбек етуді, үлкендерге құрмет пен өз міндетін орындауды көрсетсе бала да автоматты түрде икемді болады. Екеуінің арасындағы маңызды аспектілердің бірі – қарым-қатынас. Өз ойларын еркін жеткізіп, сезімдерімен бөлісу маңызды. Бірақ қоғамда, кей отбасыларда мұндай үрдіс жоқтың қасы. Сондай-ақ бианың қызығушылығы мен талпынысын қолдап, жетістіктерін мақтау керек. Бұл да баланың болашақтағы өміріне оң әсер етеді. – деді психолог Ә.Мәди

Қоғамдағы әке мен бала қатынасының деңгейін нақты анықтау мүмкін емес. Себебі әр ортада, әр отбасында әкенің ролі әртүрлі. Ертеде «әкең келе жатыр», «балам, әкеңмен ақылдас», «әкенің жейдесін жоғары көтеріп қой» деп перзентіне жай сөзбен-ақ әкенің орнын жоғары екенін ұғындыра білген. Бұл – әкенің мысы.

Ол – тәрбиелеу. Ал бүгін әке құндылығы, әке мысы көбіне табысының көлемімен өлшенетіндей. Мүлде орны ауысты деуге келмес, алайда «ер азамат белгісі – түзде мырза, үйде құл» деген ұғым жайлап бара жатқандай. Тіпті

түзде
де әйел-
дер мырза секілді...
Ашығын айтсақ, бүгінде
гендерлік теңдік ұғымы ауқымды
күйге енді. Ер мен әйел теңдігі ами
құқықтарға байланысты тең болғанымен,
кейбір жауапкершіліктерге, отбасылық
принциптерге байланысты әр алуан. Бізде
әйелдер қауымы ерлердің одағына ілесеміз
деп, ал ерлер одан ілгері тұруды көздейтін
жағдай болып жатыр.

– Гендерлік теңдік – күрделі әрі көпқырлы ұғым. Ол адам құқығының теңдігін, әлеуметтік-экономикалық және саяси теңдікті қамтиды. Бүгінде бұл өршіген әрі өрбіген мәселеге айналды. Өзіңіз айтқандай «әйелдер қауымы ерлердің одағына ілесеміз деп, ал ерлер одан ілгері тұруды көздейді». Жалпы алып қарағанда бұл дамудың белгісі секілді. Әйелдер дамып, өз қажеттілігін өздері орындап, тәуелсіз болуға ұмтылуда. Сөйкесінше ер-азаматтар да қалыс қалмай, отбасының жағдайын жақсарту үшін 2 есе жұмыс істеуде. Бірақ бұл барлық шаңырақта емес қой. Жалпы бұл жердегі даму қажеттіліктен туындауда. Сол себепті бірінен-бірі озуды қалайды. Ер мен әйел адам бірдей құқыққа ие. Білім алу, жұмыс, денсаулық сақтау және басқа да салалар бойынша екі тарап та тең құқылы. Бұл заң аясында да бекітілген.

Отбасылық өмірге ойыссақ, ер мен әйелдің міндеттері мәдениет, дәстүр және жеке келісімге байланысты әртүрлі болмақ. Дәстүрлі түрде әйел адам бала күтімі мен үй шаруашылығына жауапты, ал азаматы түзде. Бірақ бұл рөлдер расымен де өзгеріске ұшырауда. Бұл жерде дұрыс не бұрыс деуге болмайды. Себебі әр отбасының құндылығы, мақсаты әртүрлі. – деп атап өтті Әсел Мәди.

Қазақта ер адамды шаңырақтың иесі десе, әйелді алтын қазығы деп санаған. Салналы түрде отау құрған жастар отбасының «пульта» басқаруға құмартып, дәрежелерін тенеуге тырысады. Осындай картинаны көргенде Зейнет Ахметованың мына сөзі еске түседі. «Ер мен әйел теңделген кезде дүниенің шырқы бұзылады. Құдайдың өзі екеуін екі әлем қылып жаратқан. Екеуі бірігіп бір бүтін болып ұрпақ өрбітеді. Екеуіміз теңбіз, бір баланы сен ту, бір баланы мен туайын демеуді гой. Ер азамат пен әйелді тең болуды деу – ақымдық». Қазақ бабам «екі жарты – бір бүтін» деп бекер айтпаған.

Ал имам Икрам Бақытжан өз мақаласында:

– «Әйел мен еркек теңдігі» мәселесін қанша шулатқанмен, шындап келгенде, жаратылыс тұрғысынан әйел мен еркек тең емес. Әрқайсысы өзіне тән қасиеттермен ерекшеленеді. Егер бір-бірінен ешбір айырмашылығы жоқ өзара тең жаратылыс болғанда, Алла Тағала еркек-әйел етіп бөліп жатпай, бәрін біркелкі әйел немесе еркек етіп жаратар еді. Еркек пен әйел табиғатындағы өздеріне тән ерекшеліктерімен екеуі бір-бірін толықтыра түседі. Қазақ «екі жарты бір бүтін» деген. Сол себептен, әйел еркектен жоғары немесе төмен деу, жалпы алғанда, дұрыс айтылған сөз емес.



қ а т ы с т ы
сұрақ болсын
деп психологқа
«ер адамның
осы секілді мен-
талды психикалық
күйі қандай бо-
луы керек және өзін
тәрбиелеуде неге мән
бергені жөн?» деген сау-
ал жолдадық.

– Өте орынды және
ауқымы кең сұрақ. Қысқа әрі
нұсқа жауап беруге тырысай-
ын. Жалпы эмоция барлық
адамда кездеседі. Бірі
жақсы басқара алса,
бірі сезімдерін ша-
мадан тыс сыртқа
шығарып, тіпті
агрессия ту-
ындата-
ды .

Бұл жер-
де тек ер адам
ғана емес, жал-
пы адамдар өзін
тәрбиелеуде және
менталды пси-
хикалық жай-
күйіне мән берулері
маңызды.

Әрқайсысының қоғамда өзіндік орны бар.
Әрбірі соны дұрыс атқарған кезде ғана мінсіз
қоғам пайда болады.

Құранда «еректер әйелдерге пана,
қамқоршы, жауапкер, қорған, басқарушы»
делінген. Ендеше, осы жауапкершілікті
аркалаган еркек отбасының тізгінін өз
қолына алып, парасаттылықпен, үлкен
жауапкершілікпен басқаруы тиіс. Еркек
отағасы екенін деп дәрежелікке, «мен айт-
тым болдыға» салынбай, бар мәселені өзара
түсіністікпен, үнемі ақылдасумен шешкені
жөн. Әйелдер де еріне бағынуы тиіс», –
дейді.

Өткен жылы күнтізбегідегі мерекелік
күндердің қатарына «Аналар» және «Әкелер
күні» қосылды. Міне бныл екінші рет
маусымның үшінші жексенбісі елімізде
әкелер күні ретінде атап өтілді. Елімізде
2012 жылы «Әкелер одағы» қауымдастығы
құрылған. Бүгінде ұйым қатарында мың
әке бар. Ал 7 мамыр – Отан қорғаушылар
мерекесінен бөлек, 14 қараша халықаралық
ерлер күні деп бекітілген. ЮНЕСКО тара-
пынан қолдау көрсетілген бұл күні медиа
кеңістікте жігіттер қауымына қатысты өзекті
мәселелер талқыланды.

Ресми деректерге сүйенсек, 2020 жылы
Қазақстанда 3515 адам өзіне қол салған.
Оның ішінде 2765-і ер-жігіт. Осы деректегі
2075 ер адам бұл әрекетке сау күйінде шешім
қабылдаған. Психологиялық тұрғыдан
қарасақ стресс пен депрессияға ер азамат-
тар бейім екен. Бұған да себеп бар дерсің.
Мұндайын басы қоғамдағы қатып қалған
стереотиптерге тірелетіндей. Ер адамның 25
жасқа дейін қаржылық жағдайы жақсы, келігі
мен үйі болуы шарт деген түсінік шегеді
қадаған. Сондай-ақ, жасөспірім шағынан
«сен мықты болуың керек», «әлсіздіңді
көрсетпе» деп санасына бекітілген сөздер
де бар. Қош. Бәлкім мұның барлығы шыны-
мен ер азаматқа тән қасиет дерсіз. Бәлкім
тәні мен табиғаты һәм заңдылығы осын-
дай дерсіз. Бірақ ер-азаматтың да адам
екенін естен шығармаған абзал.

Ер адамды түздің адамы десек,
бұрынғының әспанасын айтқандай бола-
мыз. Өйткені бүгінде ер-азаматтар айлап,
жылдап үйіне келмей жұмыс істеп, нәпақа
табытын уақыттан өттік. Содан қалыптасқан
сана ма екен, кей ерлер қауымы отбасына
жақын болған сайын өз агрессиясын, теріс
қылықтарын отбасына көрсетеді. Рас. Соның
кесірінен отбасы бұзылып, қоғам бүлінп
жатыр. Әрине оның барлығы бір ғана ерлердің
әрекеті деуден аулақпыз, десе де, онда
белгілі бір үлесі бар. Тақырыпқа тікелей

Ең бастысы – эмоционалды тұрақтылық.
Бұл дегеніміз ер адам өз эмоциясын бақылап,
ашу-ызаны басқара білуі керек. Бұл өзіне,
отбасына және айналасына зиян тигізбеуге
көмектеседі. Демалу, хобби және спорт
стрессі төмендетуге көмектеседі. Ал өзін
тәрбиелеуде тану, қабылдау, өзін реттеу
процесі және эмоционалды интеллектінің
болғаны маңызды, – дейді маман.

Тақырыпқа арқау болған заңға көшсек.
Иә, расымен ер-азаматтарға арнайы бекі-
тілген құжат жоқ. Бірақ бұл олардың ада-
ми құқығын жоққа шығармайды. Мәселесі
қасынан қарасақ. Әйел мен балалардың
құқығын қорғау туралы заң не үшін қолға
алынғанына мән берейікші. Себебін өзіңіз де
білесіз...

Көпке топырақ шашудан аулақпыз.
Қоғамда мықты, табысты кәсіпкер бірақ
қолына 5 минутын қия алмайтын әке бар.
Қолына ұстағаны шылмы мен боктық сөзі
«мәңгі досына» айналған әке бар. Жұмысы
мен отағасы «лауазымына» үлгеріп, ізнен
ерген перзенттеріне тәлім-тәрбие беріп
жүрген әке бар. Бес саусақ бірдей емес.

Ер адам – алдымен отбасының демеуі. Ал
отбасында әкенің маңызды ұғынып, қазақы
тәлім алған бала өскенде «жер» болмасы
анық. Баланы ілім мен ғылымға баулитын,
дұрыс пен бұрысты тануды үйрететін, тұлға
ретінде қалыптастыруда ұстаз бола алатын
әкелер көбейгенде қоғамда парасаттылық
билейді. Ал мұндай ортада ер адамның
ролі мен маңызы зор болмақ. Сондай-ақ,
ер-азаматтың қоғамдағы орнын топшыла-
май, алдымен оның өз отбасындағы ролін
айқындау керек. Жары мен балаларына
үлгі бола білген адам, әрине, назардан тыс
қалмайды.

Жоғарыда ата-бабалардың ерлігі, қоғам-
дағы орны мен бала алдындағы ролі тура-
лы айтылды. Сол кезеңнің тәрбиесі қазір де
кей шаңырақта көрініс табатыны қуантады.
Мақсатымыз біреуінің маңызын төмендетіп
яки дақтау емес. Тек айналудағы шындықты
жеткізу, пайымдау.

Халық даналығында айтылатындай,
әке асқар тау, ана бауырындағы бұлақ,
бала жағасындағы құрақ. Отбасы болам
деп біріккен екі адам бір-бірімен ерегісіп,
балалардың балалығын ұрламаса дейсің.

Ер адамның «тәйі» деген біз сөзінде
ақ орасан күш бар. Тек сол сөз
қуатты болу үшін отағасының
өзі сенімді, адал азамат
болуы керек. Асқар
тауымыз төбешікке
айналмаса, ал мөлір
бұлағымыз лайлан-
баса әр перзенттің
болашағы жарқын
болары хақ.

Әлия
ТӘЖІБАЙ

ДӘСТҮРЛІ ЖУРНАЛИСТИК АЯҚТАЛМАЙДЫ

Парақты ақтарып оқитын көзі қаракты оқырман мұны іштей біліп, түйсінеді. Сезді. Дегенмен, заманның жалына жармасқан адамға журналист өз өнімін қалай ұсынған жөн. Жеңіл ақпараттың, зерттелмеген мәліметтің соғын көпшіліктің шаташуына алып келеді. Осындай қылыштың екі жүзіндей, екішты, екіұдай шақта тыңнан түрен салып, журналистикаға жан бітіретін қандай амал бар?

Ең маңыздысы — шенеуніктердің қысымынан және әлеуметтік желінің шамадан тыс көбеюінен жапа шеккен дәстүрлі журналистиканың жай-күйіне назар аудару. Әлеуметтік желілер — ашығын айталық, біліктің өзі дәстүрлі медианы қыспаққа алып, ессесіне, блогерлерді төрге шығарып, соның арқасында әр дағдарыс сайын әлеуметтік желінің ықпалы азайды. Сондықтан біздегі блогерлердің күшеюіне биліктің өздері де әсер етті. Олар дәстүрлі журналистикадан оқшаулансып, ақпарат алмаспай, әр дағдарыс сайын Facebook-тың «халқын» он мыңдаған жаңа оқырманға көбейтті. Егер елде қалыпты медиа өріс пайда болса, бәсекелестік туындап, қалыпты журналистика қайта жанданады, — деген еді белгілі саясаттанушы Айдос Сарым.

Міне, осы пікір қылышынан қан ағып тұрған мәселенің өзегі іспетті. Негізінен, бұқаралық ақпарат құралдарының халық арасында «төртінші билік» деген ресми емес атауы бар. Бұлайша атау себебі БАҚ өкілдерінің қоғамдық пікірді қалыптастырушы, халық пен биліктің арасындағы қарым-қатынасты реттеуші қызметін атқаратындығынан болар, сірә! Осыдан келіп, баспасөз өкілдерінің кәсіби қызметінің айналдасуы туралы әңгімелердің туындайтыны рас. Қоғамдық пікірталасқа ұласқан мәселелердің БАҚ беттерінен көрініс табуының кей ретте қоғамдық дауға айналып кететін тұстары да кездесіп қалып жатады. Мұндай жайт көп жағдайда құқықтық мәселелерді қозғайтын журналистердің материалдарынан орын алады. Қарап тұрсаңыз, жегені жантақ, арқалағаны алтын тілшілердің тіршілігі, анау айтқандай, тым қарапайым емес. Әр сөзіне жауапты, әр ойы сауатты шығу үшін жанталасатын журналистердің орнын желідегі жеңіл жазбалар мүлде алмастыра алмасы ақиқат. Түптің түбінде, ел нақты, сенімді, тексерілген, ресми хабарларды оқуға бейімделіп келеді. Заң да жалған ақпарат таратып, атак қуғандарды, желіде отырып алып, жеке пайдасының құнын күйттегендерге тосқауыл жасауға көшті.

Осы тұста мына бір қызық мәліметке көз жүгіртсек, жаһанданып бара жатқан бүгінгі таңда ақпарат ағынына ілесу оңай шаруа емес. Әлем бойынша бір секундта 20 сайт ашылады екен. Тіпті бір дегенде ғаламтор арқылы үш миллионнан астам хат жіберіледі екен.

Халық пен биліктің арасындағы алтын көпір болған журналистер қауымы осы үдерістен қалып қоймай, ақпарат айдынындағы жұмысын заман

талабына сай жандандырып келеді. «Телевидение мен газет-журналдардың болашағы бұлаңғыр емес пе?» деген сауал көптен бері көтеріліп жүр. Әлемдік деңгейде өзін мойындатқан мамандар «New York Times» газетінің тәжірибесінен үйренеріміз бар екенін алға тартып, медиакеңістікте өмір сүру үшін заман талғамына сай білікті журналистер қатарын арттыру қажеттігін де атап өтті. Бізден әлдеқайда алда келе жатқан, көптеген технологиялық жаңалықтың бел ортасында отырған, керек болса әлеуметтік желілерге дейін жетекшілік ететін АҚШ-та газет жабылып қалған жоқ. Қайта керісінше, уақыт өткен сайын сұраныс артып келеді. Бауырлас Түркия елінде де газеттегі ақпаратқа ең сенімді дерек ретінде қарайтыны жасырын емес. Жапония секілді экономикасы дамыған, технологиясы жетілген елдің өзінде газет пен телевидение жұмысы жанданып тұр. Еуропа елдерінде де осылай. Қалай десек те, дәстүрлі медиадағы ақпарат шынайылыққа негізделетінін ешкім жоққа шығара алмайтыны хақ. Біздің мемлекеттің рухани мәдениеті көтерілуі үшін әлі бірнеше жылды артқа тастау керектігі сезіледі. Сондықтан желідегі «жеңіл сөздер» әзірге ақпараттың шикі өнімі ретінде ақпараттық айналымға түсе бермек.

Журналистиканың тағы бір мәселесі жазу стилінде. Қоғамды сынай беру немесе керісінше, мақтауды асыра беру де оқырманның берекесін алады. Екеуінің ортасында тең жүру — шеберлік. «Аманат» фильмін көріп отырсаңыз, бір эпизодында Е.Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» мақаласы сол кездегі дүрілдеп тұрған «Правда» газетінде жарық көреді. Тап сол кезде газеттің бас редакторы бірден қолына телефон алып, жоғары жақпен байланысқа шығып, мақаланы талдап, «көрдің бе» дегендей ымдайды. Ал осы үшін Ермұқан Бекмаханов 25 жылға сотталып кетеді. Бұл жерден газеттің сол кездегі халық арасындағы үстемдігін көріп отырмыз. Бүгін де солай жасауға болады. Оппозициялық көзқарастың құрбаны болудың қажеті жоқ, тек таптырмаз, мағынасы терең, сөзі шебер, сіздің әрбір сөзіңізбен тапқан теріңіздің әріп болып құралып жазылған мақаланың болуы керек және оны жұрт іздеп оқу қажет. Іздеудің түбі журналға, газетке тіреледі. Оқырман да көбейеді. Газеттің де, сіздің де беделіңіз артады. Қарапайым қағидалық кілт осы ғана сынайды.

«Іг уәре, керуен қошар», түптің түбінде газет елге керек, елдің дамуы үшін қызмет ете бермек. Технологияның дамыған заманында адамдардың бір жапырақ қағаз болса да, руханиятын сақтап қалу үшін газеттің көзіне зорумыз. Ескіліктің желін есіп, қағаздың құнын көрсету арқылы адамдардың робот болып кетуінен сақтайды. Мұхтар Шахановша айтқанда, «компьютербасты жарты адамдар» болудан артыламыз. Негізгі қауіп сол... Телефонға тәлімгер қосымша шынайы өмірдің шамшырағымен жарықтандыру.

Тағы бір артықшылығы, газеттің — сауаттылық пен эстетиканың жаршысы атануы. Тіл тазалығын сақтаушы әрі адамға тәрбие беруші құрал — дәстүрлі журналистика. Ал әлеуметтік желі тек ақпарат беруге ғана бағытталған. Кез келген журналистің біліктілігін арттыру бірінші газет-журналдан бастау керек. Тегінде Қытайда мектеп оқушыларына «жазуларын бұзылады» деп, каламмен жазғызбайды. Оның орнына сиялы каламмен жазуға үгіттейді. Сол секілді қалам мен сиялы каламның айырмасы бар. Біреуі — дайын өнім, екіншісі — еңбек. Себебі сияға малып мөнерлеп жазу — тәрбие. Осы тұрғыдан келгенде газеттің бәсі басым екенін қаперден шығармаған абзал.

Газеттер күніне үш рет, кейде аптасына бір рет шыққан күннің өзінде ақпарат тарату жылдамдығы жөнінен телеарнамен, интернет газеттермен, әлеуметтік желілермен бәсекелесе алмасы анық. Сондықтан бүгінде дәстүрлі БАҚ, әсіресе газет-журналдар өздерінің сайттары арқылы күнделікті сағат сайын, тіпті минут сайын ақпарат жаңартып, бәсекеге шыдас беру үшін жаңа жолға түсе бастады. Бұл өз алдына. Ал басылымда қызмет атқаратын кәсіби журналистер алдына қандай мақсат қоюы керек?

— Баса айтатын мәселе, әлеуметтік желі дамыған сайын сауатты жазатындар қатары кеміп кетті. Қазір кез келген әлеуметтік желіні оқи қойсаңыз, пунктуациялық қателерін айтпағанда, орфографиялық ережелерден бастап қазақ тілінің грамматикасы сақталмайтынын көресіз. Тіпті, әкімдіктің немесе басқармалардың баспасөз хатшылары таратқан ақпараттың қателерді жөндіп отырған кезіміз де болды. Міне, осы тұста қазақ баспасөзі сауатты ақпарат беру арқылы алға шығады. Алдымен ақпараттың сайтақ жедел орналастырып, сонан соң газетке сараптап беріп отырған ақпарат құралдарының ұтары көп. Сонымен бірге газеттегі ақпараттық және талдамалы жанрларға жан бітіріп, репортаж, сұхбат, мақала, корреспонденция, сараптамаларды басылмалардың өзегіне айналып, көркем-публицистикалық жанрлар санатындағы суреттеме, очерк, фельетондар арқылы оқырманды тәрбиелеуіміз керек. Бәсекелестікке төтеп берудің басты жолы — осы, — дейді «Сөз құны» журналистер клубының жетекшісі Н.Кобегенұлы.



Сонымен ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қанат жаюы массе-медианың алдына жаңа талаптар қоя бастады. Қолында смартфон бар, әлеуметтік желіге тіркелген кез келген адам қазір ақпарат құралдарының салмақты бәсекелесіне айналды. Алайда интернет журналистика дамыған сайын оның да проблемалары аңдыздап алдан шықты. Мәселен, әлеуметтік медиа атқа мінгеннен бері ақпараттың ақ-қарасын тексермей жариялау деген дерт белең ала бастады. Соңғы мысал, әлеуметтік желі арқылы көпшілікті шатастыру деректеріне өткен жылдардағы коронавирусқа қатысты ақпараттың бұрмаланып жетуі дәлел бола алады. Осыған сай, сенімді дерек көзі бола алатын кәсіби мамандардың бағасы күн өткен сайын арта түсуде. Осының өзі дәстүрлі БАҚ-тың қоғамдағы орны жоғалмайтынын көрсетіп отыр. Ендеше тарихы екі ғасырды басынан өткерген дәстүрлі журналистиканың дәуірі мен дәуірін аяқталмайды, заман талабына сай түрленіп, өз аудиториясына адал қызмет ете бермек.

Айдар САЙЛАУОВ

САЛЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ 100% ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ АЛУҒА БОЛАДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі. Осы орайда мемлекеттік кірістер органдары көптеген іс-шара атқарып келеді.



Қолданыстағы заңдылықтарға енген кейінгі өзгерістер, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, оның алдын-алу, сондай-ақ, салық төлеушілерге көрсетілетін қызметтер туралы кірістер органдарында атқарылып жатқан жұмыстар жайлы аймақаралық, облыстық және қалалық басылым беттерінде тұрақты түрде насихаттау жұмыстары жолға қойылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары аясында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының, Әдеп кодексінің талаптары жайлы құқықтық-техникалық оқулар өткізіліп, әлеуметтік желілерді пайдалану барысында, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған талаптары туралы түсіндірмелер жүргізілді. Мәселен, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті өкілдерінің қатысуымен, «Мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілетін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нәтижесін арттыру, заңдылықтардың мүлтіксіз сақталуы мен заң талаптарын түсіндіру» бағытында профилактикалық құқықтық оқу өткізілді. Шақырылған өкілдер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар туралы» тақырыбында баяндама жасап, республика, облыс көлеміндегі, оның ішінде

мемлекеттік кірістер органдарындағы орын алған заң бұзушылықтар жайлы деректер келтірді. Сонымен қатар, іс-шара барысында қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, пара алу фактілері бойынша нақты кейсе-роликтер көрсетілді.

Жемқорлықты жоюдың негізгі шарттарының тағы бірі, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, келушілермен тікелей кездесуді азайтып, салық есептіліктерін электронды түрде тапсыруға көшіру болып табылады.

Бүгінгі күні, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізіміндегі салықтық қызметтерді 100% электронды түрде алуға мүмкіндік жасалған.

Сонымен қатар, мемлекеттік кірістер органдары тарапынан салық төлеушілерге «тәуекелдер дәрежесіне қарай» талдау арқылы бақылау жүргізіледі және соның нәтижесімен жоғары орталық аппараттың келісімімен жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі. Осы аталған жүйенің көмегімен салықтық тексерулерді жүргізуге іріктеу, салық міндеттемесін өз дәрежесінде орындамай жүрген салық төлеушілерге баса назар аударыла отырып жүргізіледі. Осылайша, бұл іс-шара арқылы мемлекеттің де, салық төлеушінің де мүддесі қамтамасыз етіліп, сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың алдын алуы маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Қызылорда облысының мемлекеттік кірістер органдарының әрбір қызметтерінің жұмысқа кірісер алдында жұмыс компьютерінде, автоматты

түрде көрініс табатын «Жемқорлыққа жол жоқ! Сыбайлас жемқорлық зардабы отбасыңыздың жағдайына кері әсер ететінін естен шығармаңыз! Өз өміріңізге қастандық жасамаңыз!» деген ескертпе-жадынама орналастырылған. Осы ескертпе-жадынамамен әрбір қызметкер күнделікті жұмысқа кірісу барысында міндетті түрде танысып отырады. Бұл шара да, өз кезегінде қызметкерлердің теріс іс-әрекетке бармауына оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Сондай-ақ, ҚР ҚМ МКК-нің мемлекеттік органдар интернет-ресурсында арнаулы /kgd.gov.kz/ веб-сайтында орналасқан, «Аумақтар бойынша департаменттер» тарауында, Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті деген бөлімінің ішінен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жайлы» тарауында облыстың мемлекеттік кірістер органдары тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы ақпараттар қазақ және орыс тілінде орналастырылып келеді.

Қорыта келгенде, облыстық мемлекеттік кірістер органдарымен бүгінгі күні жағымсыз жемқорлық әрекеттерін болдырмау мақсатында нақты істер мен насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді және мемлекеттік қызметтің беделін арттырып, көпшілік сенімін толықтай ақталуына қамтамасыз ету үшін атқарар жұмыстар пәрменді түрде жалғасын таба береді.

Б.ПАЗЫЛОВА,
Талдау және есепке алу бөлімінің бас маманы

Мемлекеттік сатып алудағы сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу

Мемлекеттік сатып алу — айқай-шуы да, ақшасы да көп сала. Мемлекет тарапынан жыл сайын мемлекеттік мекемелер сатып алатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға үлкен қаражат бөлінуде. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға бөлінген мемлекеттік қаражатты жұмсау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында осы саладағы лауазымды тұлғалардың араласуын шектейтін нормативтік құқықтық база жасалған. Алайда мемлекеттік сатып алулар әлі күнге дейін экономиканың ең жемқорлық жайлаған салаларының бірі болып табылады, ал мемлекеттік органдар қабылдап жатқан шаралар жемқорлықты оқшаулауға шешуші оң әсерін тигізбей келеді. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үшін мемлекеттік қаражатты пайдалану барысында сыбайлас жемқорлықтың таралуы осы саладағы жүйелі құқықтық қастығыстарға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің дамуына әсер етуші болып табылады. Бұл жерде триллиондаған теңге айналымда жүр. Бас айналыратын сомалар сыбайлас жемқорлыққа да жол ашып отырғаны белгілі.


Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың үлкен жиындарда мемлекеттік сатып алу саласына тәртіп орнатуды жиі тапсыратыны да сондықтан. «Сыбайлас жемқорлық — ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер. Мұнымен мықтап күресетін боламыз. Оның ішінде «мемлекеттік сатып алу саласына ерекше назар аударылым».

Жемқорлық араласқан жерде сапа болмайды. Тіпті «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның өзінде жемқорлыққа негіз болатын жағдайлар көп. Әрине, оның барлығы жемқорлықпен жасалады деген сөз емес. Бірақ бұл жемқорлық қатерін арттыратын негізгі фактордың бірі. Одан бөлек, техникалық ерекшелікті нақты бір өнім берушіге арнап жазу, шарттарын әдейі қиындату немесе түсініксіз етіп жазу сынды мәселелер алдан шығады. Мұндай конкурстарға компаниялардың барлығы бірдей қатыса бермейді. Тәуекел жоғары. Сондықтан мемлекеттік сатып алу процесін барынша анық әрі ашық еткен абзал.

Сатып алуға теріс әсері көп тағы бір мәселеге тоқталып кетсек. Ол — мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырып, өткізе алатын білікті мамандардың аздығы. Айтуынша, республикалық, облыстық деңгейдегі жағдай жақсы. Бірақ аудан, ауыл көлемінде мамандар жетіспейді. Бұл сатып алу құжаттарынан сапалы, дұрыс толтыруға келерді келтіреді. Мұның кесірі тұтас процеске тиеді. Сатып алуға сәпасыз өткізу — қаржыны тиімсіз жұмсау, жемқорлық тәуекелдерін арттыру деген сөз.

Түйіндей келе айтарымыз, мемлекеттік сатып алу саласындағы кемшіліктер ел экономикасына ғана емес, сіз бен біздің өмірімізге де тікелей әсер етеді. Ендеше, саладағы талап пен тәртіпті барынша күшейткен абзал.

Ж.А.АБДУАИТОВ,
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Активтерді басқару бөлімінің басшысы



«500 ҒАЛЫМ» ЖОБАСЫ

ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУҒА ҮЛКЕН ҮЛЕС ҚОСАДЫ

шараларды жиі өткізеді, бұл шаралар қоғамның түрлі топтарын біріктіреді.

Бірнеше ай бойы осындай қызықты ортада болу маған көптеген жаңа дүниені үйренуге және басқа мәдениеттерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Бұл тәжірибе менің жеке және кәсіби дамуым үшін өте пайдалы болды.

– «500 ғалым» жобасы «ғылыми туризмге» айналып кетті. 3 ай, 6 ай, 1 жыл тағылымдама уақыты тек танысуға жетеді, дайын материал не жобаның болмаса бұл аралықта нәтиже алу тым қиын» дейді кейбір ғалымдар. Сіз не дейсіз? Тағылымдама ғалымдар үшін қаншалықты тиімді?

– Әрине, кейінгі уақытта бұл тәрізді сыни пікірлер айтылып жүр. «500 ғалым» жобасының кейбір сыншылары тағылымдама уақыты тек танысуға жетеді деп есептейді. Алайда мен бұл пікірмен келіспеймін және тағылымдаманың ғалымдар үшін қаншалықты тиімді екенін бірнеше себеппен айта аламын.

Біріншіден, тағылымдама барысында алынатын тәжірибе мен білімнің маңызы зор. Мысалы, мен Реддинг университетінде білім берудегі менеджмент саласы бойынша тағылымдамадан өтіп жүрмін. Бұл уақыт ішінде мен тек теориялық білім алып қана қоймай, көптеген тәжірибелі дағдыны да меңгердім. Ұлыбританияның білім беру жүйесінің озық әдістерімен танысып, оларды өз елімізде қалай қолдануға болатынын түсіндім. Бұл тәжірибе менің кәсіби дамуым үшін өте құнды болды.

Екіншіден, тағылымдама ғалымдарға халықаралық деңгейде байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мен Реддинг университетінде көптеген ғалыммен және зерттеушілермен таныстым. Бұл байланыстар менің ғылыми жұмысым үшін маңызды ресурстарға айналды. Халықаралық ынтымақтастық жобалар мен зерттеулерді жүзеге асыруда үлкен рөл атқарады және бұл байланыстар болашақта бірлескен жобалар мен жарияланымдарға негіз бола алады.

Үшіншіден, тағылымдама ғалымдарға жаңа технологиялар мен зерттеу әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді. Ұлыбританияның жоғары оқу орындары заманауи жабдықтармен және зерттеу әдістерімен жабдықталған. Бұл жерде мен өз саламада қолданылатын ең жаңа технологиялармен таныстым және оларды қолдануды үйрендім. Мұндай білім мен дағдылар біздің еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруға үлкен үлес қосады.

Төртіншіден, тағылымдама барысында алынған білім мен тәжірибені өз елімізде тарату мүмкіндігі бар. Мен «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында алған тәжірибемді әріптестеріммен және студенттеріммен бөлісіп, олардың да кәсіби деңгейін көтеруге ықпал етемін деп сенемін. Бұл біздің еліміздің ғылыми және білім беру жүйесінің дамуына оң әсер етеді.

Сондықтан, тағылымдама уақыты шектеулі болса да, оның ғалымдар үшін берері мол деп есептеймін. Менің әлі 7 ай уақытым бар. Әрбір тағылымдамадан өтіп жатқан ғалым өз мақсаттарына жету үшін бұл уақытты тиімді пайдалануға тырысуы керек. Осылайша, «500 ғалым» жобасы Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттыруға үлкен үлес қосады.

– Бұл елдегі бұқаралық ақпарат құралдарына да назар аударған боларсыз. Олар қандай бағытта басымдық береді? Газет-журналдарына келсек, ағылшын оқырмандарына қызықты тақырыптарды байқай аламыз ба?

– Иә, Ұлыбританиядағы бұқаралық ақпарат құралдарына ерекше назар аудардым. Бұл елдегі газет-журналдар түрлі бағытта басымдық береді және олардың ерекшеліктері айқын көрінеді.

Ұлыбританияның бұқаралық ақпарат құралдары негізінен жаңалықтар, аналитика, мәдениет, спорт және өмір салты тақырыптарын қамтиды. Мысалы, The Times, The Guardian, The Daily Telegraph сияқты жетекші газеттер саясат, экономика және халықаралық қатынастар бойынша терең аналитикалық мақалалар ұсынады. Бұл газеттердің оқырмандары негізінен білімді және ақпаратқа қызығушылық танытатын адамдар.

Сонымен қатар, The Sun және Daily Mail сияқты таблоидтар халық арасында өте танымал. Олар негізінен сенсациялық жаңалықтар, атақты адамдардың өмірі, қоғамдағы қызықты оқиғалар мен өсектерге басымдық береді. Бұл газеттердің оқырмандары көбінесе күнделікті өмірде жеңіл әрі көңіл көтеретін ақпарат іздейтін адамдар.

Ұлыбританиядағы журналдар да әртүрлі тақырыпты қамтиды. Мысалы, The Economist журналы саясат,

экономика және халықаралық қатынастар бойынша терең талдау мен зерттеулер ұсынады. Vogue және Elle журналдары сән, сұлулық және өмір салты тақырыптарын қамтиды. National Geographic журналы табиғат, ғалым және саяхат тақырыптарына ерекше назар аударады.

Ағылшын оқырмандарына қызықты тақырыптар өте көп. Мысалы, экология мен климат өзгерістері, технологиялық жаңалықтар, денсаулық сақтау және ғылым саласындағы жаңалықтар кеңінен талқыланады. BBC News және Sky News сияқты жаңалық арналары да күнделікті ақпаратты жеткізіп, терең талдаулар мен сараптамалар ұсынады.

Бір қызықты факт – Ұлыбританияда әртүрлі газеттердің саяси ұстанымдары әртүрлі. Мысалы, The Guardian көбінесе солшыл-либералдық көзқарасты ұстана, The Daily Telegraph оңшыл-консервативтік бағытта ақпарат береді. Бұл ерекшелік оқырмандарға әртүрлі көзқарастарды салыстырып, өз пікірін қалыптастыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Ұлыбританияның бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдағы маңызды мәселелерді талқылауға үлкен үлес қосады және әртүрлі аудиторияға қызықты әрі пайдалы ақпарат ұсынады. Бұл елдегі ақпарат құралдарының әртүрлілігі мен сапасы оқырмандардың кең ауқымды ақпарат алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар БАҚ өкілдері мен олардың жұмысына деген көшіліктің құрметі мені таңдандырды десем де болады.

– Шетелде оқу үшін алдымен ағылшын тілін білу қажет. Сіз қалай дайындалдыңыз?

– Иә, шетелде оқу үшін ағылшын тілін білу маңызды. Алайда, мен ағылшын тілін өте жетік білмеймін. Дегенмен осында келу үшін бірнеше кезеңді сынақтан өттім. Тағылымдамаға шақырушы Реддинг университеті IELTS немесе TOEFL сертификаттарын талап етпеді. Бұл мен үшін ерекше мүмкіндік болды.

Дайындық барысында Қызылорда қаласындағы «Биг Бей» оқу орталығында жеделдетілген курсқа қатыстым. Бұл курста мен негізгі грамматикасын, сөздік қорын және сөйлеу дағдыларын меңгердім. Оқу орталығының оқытушылары өте тәжірибелі және түсінікті тілмен сабақ жүргізді, сондықтан тіл үйрену процесі маған оңай және қызықты болды.

Қазіргі кезде де ағылшын тілін сол ортада, таза ағылшын арасында меңгеруге талпынып жүрмін. Реддинг университетінде көптеген адаммен араласу, сабақтарға қатысу және күнделікті өмірде ағылшын тілін қолдану арқылы тілдік дағдыларымды жақсартып келемін. Сонымен қатар, университеттегі арнайы тіл курстарына да қатысудамын. Бұл курстар маған тілдік кедергілерді жеңуге және ғылыми жұмыстарыма ағылшын тілін еркін қолдануға көмектеседі.

Осылайша, шетелде оқу үшін тілдік дайындық маңызды рөл атқарады және мен өз мүмкіндіктерімді барынша пайдаланып, ағылшын тілін жетілдіруге талпынудамын. Бұл тәжірибе менің кәсіби және жеке дамуым үшін өте пайдалы болып отыр.

– Елге келгесін қандай зерттеу жұмыстарымен айналыспақсыз?

– Елге оралғаннан кейін университетте ғылыми зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысуды жоспарлап отырмын. Реддинг университетінде алған білім мен тәжірибемді қолдана отырып, бірнеше маңызды жобаны жүзеге асырғым келеді.

Біріншіден, білім берудегі менеджмент саласындағы зерттеулерімді жалғастыруды көздей отырмын. Қазіргі заманғы озық әдістер мен технологияларды қолдану арқылы білім беру процесін жетілдіруге, оқу бағдарламаларын жаңартуға және студенттердің білім сапасын арттыруға бағытталған жобаларды жүзеге асырамын. Қазақстанның білім беру жүйесіне енгізуге болатын Ұлыбританияның тиімді тәжірибелерімен бөлісіп, біздің университетімізде қолдануға тырысамын.

Екіншіден, менің алдымда PhD докторлық диссертациямды қорғау жоспары тұр. Бұл менің ғылыми және кәсіби дамуыма үлкен үлес қосатын маңызды қадам. Диссертациямды сәтті қорғау үшін қажетті зерттеулер мен талдауларды жүргіземін және осы бағытта белсенді жұмыс істеймін.

Сонымен қатар, мен ғылыми мақалалар жазу және халықаралық конференцияларға қатысу арқылы өз зерттеулерімді халықаралық деңгейде таныстыруды мақсат етемін. Бұл біздің ғылыми қауымдастықтың дамуына және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға өз үлесін қосады деп сенемін.

Осылайша, елге оралғаннан кейін ғылыми зерттеулерге белсенді түрде кірісіп, білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруды жоспарлаудамын. Бұл жұмыстарым еліміздің ғылыми және білім беру жүйесінің дамуына оң әсерін тигізеді деп ойлаймын.

Сөз соңында, осындай мүмкіндікті бергені үшін Қорқыт ата атындағы университет басшылығына, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ, Ғылым және жоғары білім министрлігіне алғысымды білдіремін. Бұл тағылымдама менің кәсіби өсуіме және еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруға үлкен үлес қосады деп сенемін.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА

– Ағылшын елінің ғылыми ортасында жүрсіз. Бұл елдегі білім беру жүйесінің біздің елден ерекшелігі неде?

– Ұлыбританияның білім беру жүйесінің бірнеше маңызды ерекшелігі мен артықшылығы бар. Бұл жағынан келгенде даму қарқынына танданасын.

Біріншіден, Ұлыбританияның білім беру жүйесі студентке бағытталған оқыту әдісін қолдайды. Бұл дегеніміз, оқу процесі студенттердің қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сай ұйымдастырылады. Мысалы, Реддинг университетінде студенттерге өздерінің оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі беріледі. Олар қызығушылықтары мен болашақ мамандықтарына сәйкес пәндерді таңдай алады. Бұл тәсіл студенттердің білім алуға деген ынтасын арттырып, оқу процесін тиімді етеді. Әрине, бұл процесс біздің елде де қолданылады.

Екіншіден, Ұлыбритания университеттері зерттеуге көп көңіл бөледі. Мұнда оқытушылар мен студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысады. Реддинг университетінде ғылыми зерттеулерге ерекше назар аударылады және студенттер теориялық білім алып қана қоймай, практикалық дағдыларды да меңгереді. Мысалы, студенттерге заманауи зертханалар мен кітапханалар қолжетімді, бұл оларды ғылыми зерттеулерге белсенді қатысуға ынталандырады.

Үшіншіден, Ұлыбританияда білім беру саласында



инновациялар мен технологиялар кеңінен қолданылады. Көптеген университет заманауи жабдықтар және оқыту әдістерімен қамтылған. Сондай-ақ, Реддинг университеті виртуалды зертханалар мен онлайн платформалар арқылы білім алуға мүмкіндік береді. Бұл студенттердің білім алу процесін қолжетімді етеді.

Төртіншіден, Ұлыбританияның жоғары оқу орындары халықаралық ынтымақтастыққа үлкен мән береді. Реддинг университетінде әлемнің түркі-түркірінен келген студенттер мен оқытушылар бірге жұмыс істейді. Бұл мәдени және академиялық алмасуды қамтамасыз етіп, студенттерге жаһандық көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

– Бірнеше айдан бері шетелдесіз. Орта қаншалықты қызық?

– Ұлыбританияда, әсіресе Реддинг университетінің ғылыми ортасында жүргенімде, ағылшындар ортасының ерекшелігі мен қызық жақтарын байқалдым.


Ағылшындар – өте сыпайы және тәртіпті халық. Олар кезек күту, жолда жүру, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау сияқты мәселелерге ерекше мән береді. Бұл маған алғашқы күндерден-ақ қатты әсер етті. Мысалы, дүкенде немесе қоғамдық көлікте кезекке тұру кезінде ешкім алға ұмтылмайды, әркім өз кезегін сабырмен күтеді.

Сонымен қатар, ағылшындардың мәдениетке және тарихқа деген құрметі ерекше байқалады. Лондонда, Оксфордта, Кембриджде және басқа да қалаларда көптеген тарихи ғимараттар мен мұражайлар бар. Әрбір көшеде, әрбір бұрышта тарихи орындар мен ескерткіштер кездеседі. Бұл жерлерде өткізілетін экскурсиялар мен көрмелер өте қызықты әрі танымал.

Ағылшындардың білімге және ғылымға деген ынтасы да ерекше әсерлі. Университеттер мен зерттеу орталықтарында студенттер мен ғалымдар жаңа идеялар, жобалармен белсенді жұмыс істейді. Реддинг университетінде студенттер мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынас та өте жылы. Бұл жерде әркім өз пікірін еркін білдіре алады және идеяларды ашық талқылайды.

Ағылшындардың тұрмыстық мәдениеті де қызықты. Мысалы, олар күнделікті шай ішуді жақсы көреді және бұл дәстүрді ерекше ұстанады. Шай уақыты – әлеуметтік қарым-қатынас пен демалуға арналған ерекше сәт. Сондай-ақ, олар әр түрлі фестивальдер мен мәдени





Мамандық таңдау –
өміріңіздің бір кірпішін дұрыс
қалау.
Ең қиын мамандық – адам болып
қалу.

Хосе Хулиан Марти

Бүгінде мамандықтың түрі көп. Әрқайсының өзіндік ерекшелігі бар. Дәрігер адамның тәнін емдесе, мұғалім білім нәрімен сусындатады, мұнан өзге маман иелері де өмір сүру сапасын жақсартуға қызмет етеді. Ең маңыздысы, мамандықты өз қалауыңдағы арманыңмен ұшастырып таңдау. Ал бұл екінің бірінің қолынан келе бермейді. Себебі кей адамдарға бұл өмірде өз орнын табу қиындық туғызады. Тіпті көбіне бітіруші түлектің орнына ата-анасы таңдау жасайтыны белгілі.

Әрбір адам бала кезінде мен өскенде мынадай мамандық иесі боламын деп армандаған болар. Бірі дәрігер, бірі мұғалім ал енді бірі тіпті қиялдап «супермен боламын» деп бала арман жетегіне ергені рас.

Мектеп қабырғасында жүргенде өзімді әр қырымнан сынап, түрлі пәндік олимпиадаға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүрдім. Сол себепті өзімнің жаным жақын бағытты таңдауым қиынға түспеді. Жетінші сыныптап бері қарай әлем жаңалықтары, айналадағы өзгерістер қызықтыра бастады. Оны зерттей түскім келді, жан-жақты ақпарат алуды жиі ойлайтын болдым. Нәтижесінде болашақта журналист боламын деген шешімге келдім.

Дәл солай бала Ботаның алғашқы әрі нақты арманы пайда болды. Сол күннен бастап журналистика туралы барлық мәліметтерді іздегіре бастадым. Мектеп қабырғасында мәнгерлеп оқудан түрлі жарысқа қатыстым.

Кейін осы салаға қатты қызыққаным сонша мектебімде директордың қолдауымен

«School News» атты өзімнің алғашқы блогымды жүргіздім. Сондай-ақ, пікірсайыс

турнирлеріне қатысып, тіл байлығымды дамыту үшін жан-жақты ізденетінім. Өйтсе де кейде

қолымнан келмей «бұл менікі емес-ау» деп, қол сілтей салған сәттерім де болды. Сондай қиын кезеңдерде отбасымның қолдауының арқасында

шағын болса да бастаған ісімді соңына дейін жеткізуге күш пайда болады.

Журналист атану өмірлік мақсатыма айналып, 2023-2024 жыл аралығында «Qadaz Media» онлайн медиа-мектебінде оқып, журналистика саласына қадам бастым. Ал қазір Алланың қалауымен 11-сыныпты ойдағыдай тәмамдап, үлкен өмір жолына аттанғалы отырмын.

Өзгелерге қарағанда аса ерекше қабілетім болмаса да, менде нақты арман және мақсат бар. Сол себепті ақпарат саласында аянбай еңбек етеріме нық сенімдімін.

Ботагөз ИНАБАТОВА,

№187 ІТ мектеп-лицейінің бітіруші түлегі

Салт-дәстүр ата-бабаларымыздың қаншама ғасырлар бойы сақталып келе жатқан асыл мұрасы. «Салт-дәстүр», «әдет-ғұрып» дегеніміз үйренішті дүниеге айналған, жалпыға ортақ қоғамдық тәртіп. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Алаш жұртында көптеген салт-дәстүр мен ырым бар. Дегенмен көбі ырым мен салт-дәстүрді шатастырып жатады. Салт-дәстүрдің өзіндік ерекшеліктері бар болса, ырымның астарында да игі ниет, тәрбиелік мән бар.

ДӘСТҮРДІҢ ДІҢГЕГІ БЕРІК

Ал енді қазақ халқының ұлттық салт-дәстүр тәрбиесінің қыр-сырына, оның түйткілді мәселелеріне мойын бұрсақ. Қазақ халқында ұмыт қалған салт-дәстүрлер өте көп. Соның бірнешеуіне арнайы тоқталсақ.

Балдыз қалың. Балдыз қалың салты бойынша қалыңдығы қайтыс болса болашақ күйеу төлеген қалың малын қайтарып алмай, сол отбасының екінші қызын алуға құқы бар.

Егер ол үйдің басқа қызы болмаса, төлеген малдың жартысы қайтарылады. Күйеу ұрын барып, балдызын алатын болып, келсе, үстіне «балдыз қалың» төлейтін болған. Бұрынғы қалың малдың үстіне түйе бастатқан бір тоғыз қосылады. Егер ұрын келмеген болса, «балдыз қалың» төленбейді.

Бәсіре атау. Ежелгі әдет-ғұрыптардың бірі. Ата-анасы баласына арнап ен салған жас төлді «бәсіре» деп атайды. Бәсірені сол баланың қажетіне, тойына жаратады. Оны ен салып, малды таңбалаумен шатастырмау қажет.

Көтендестіру. Қазақтың кейбір дәстүрлерінің атауы ерсі болғанмен, түсіне білген адамға берер тәлім-тәрбиесі мол. Солардың бірі – көтендестіру салты. Салт бойынша балалары қырқынан шыққанша, бір уақытта босанған екі әйелге бір-бірімен араласуға, көрісуге болмайды. Осылайша жұқпалы ауруларды жұқтырудың алдын алған екен. Сондықтан 40 күннен кейін екі әйелді қонаққа шақырған үй иесі бірінші келгенін кереге жаққа қаратып отырғызады. Екінші келгенді бірінші әйелмен арқасын тірей отырғызады. Үй иесінің белгісімен екі әйел сол қолымен әкелген қонақ көдесін сол аяғының астынан өткізіп, оң қолымен нық тіресіп отырған әйелге берген. Осылайша қайта қауышып, еркін араласатын болған. Ал сол салтты үйінде өткізген әйелге сыйлығын берген.

Босаға майлау. Жастар шаңырақ көтергенде немесе біреу жаңа үй алғанда жақын туған-туыстары келіп жаңа үйдің босағасына май жағу салтын жасайды. Ол осы үй берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген ниеттен туған. Босағасын майлаған адамға шаңырақ иелері кәде береді.

Қазан шегелеу. Жақын туыс, әзіл-қалжыны жарасқан адамдардың үйіне екі-үш адам бірге барып: «Осы үйдің қазанын шегелей келдік» дейді. Бұл олардың түстеніп, ет жеуге келгендігі. Үй иесі оған әзілмен жауап қайтарып: «Жақсы болды, қазан шегелейтін адам таба алмай отыр едік» деп қонақжайлылық танытады. Әйелі ет асып қонақасы береді.

Мойнына бұршақ салу. Ертеде баласы жоқ адамдар мойнына көгеннің бұршағын салып Құдайдан перзент сұрап жалбарынған, жылаған. Мойынға бұршақты бала тілегенде ғана салады.

Қазақ дәстүрінен халықтың мінез-құлқын, болмысы мен дүниетанымын, мәдениеті, тілі мен дінін, өмір сүру жолын байқауға болады.

Салт-дәстүрлеріміздің ұмыт қалған түрлері қаншама?! Қазақ салт-дәстүрін зерттеушілер ұмыт қалған салттардың қолданысқа қайта енуі екіталай дейді. Сондықтан сақталып қалған дәстүрді жоғалтып алмай, оны алдымен мектеп оқушыларына оқытып, бойларына сіңіру қажет.

Шаттық НИЯЗОВА



МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ

Мамандық – адамның болашағы. Сол себепті мамандық таңдау әрбір адам өміріндегі аса маңызды шешім. «Жарқын болашақ – жастардың қолында» дегендей, біздің болашағымыз өз қолымызда. Сондықтан бұл таңдауда салғырттық танытпай, өз өміріміздің алғашқы кірпіштерін дұрыс қалауымыз керек.

Адам баласының алға қойған мақсатының ішіндегі маңыздысы, мәндісі – оның мамандығы. Бүгінде арман қуып, алдына қойған мақсатқа жету жолында тынбай еңбек ететін жас буынды көргенде қуанышты күй кешемін. Себебі мен де өзімнің арманыма жете білген маманның бірімін.

РЕАБИЛИТАЦИЯНЫҢ ЖҮГІ ЖЕҢІЛ ЕМЕС

Менің бала көңілімде өзінің парасатты болмысымен сақталып қалған құрметті адам болса, ол дәрігер еді. Кішкентайымнан бастап әжемнің қан қысымын өлшеп, дәрісін уақытылы беруге дағыланған соң әжем мені «дәрігерім» деп атайтын. Сол сөздері мені алға жетелеп, медицина саласын таңдадым. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін медицина университетінің студенті атану мен үшін үлкен жеңіс болды. 2018 жылы реабилитация тар бейінді мамандығын алғашқылардың бірі болып алдым. Содан бері үлкенді-кішілі ерекше күтімді қажет ететін адамдарды оңалту бағытында дәрігер – реабилитолог маман ретінде қалтқысыз қызмет етуемін. Тамшыдай болса да ерекше күтімді қажет ететін адамдарға шпалы ем беріп, бүгінде талай адамдардың алғысына бөленген сәтім ол менің таңдаған мамандығымнан қателеспегенім.

Қазір біздің елде енді дамып келе жатқан медицина саласының бірі – реабилитация. Денсаулықты қалпына келтіруге бағытталған медициналық реабилитацияға деген сұраныс күннен күнге арту үстінде. Себебі тірек қимылы бұзылған балалар мен реабилитациялық емді қажет ететін мүгедектігі бар азаматтар аз емес. Сыр өңірінде ауқымды қызмет атқаратын балалар орталығында бүгінде тірек-қимыл қозғалысы бұзылған (туа біткен церебральді салдану, ауруының спастикалық гиперкенеэдік, диплегиялық, т/б) сал ауруына шалдыққан, тіл мүмкінсігі бар балалар бар. Осы орталықтың ішінде тірек қимылы бұзылған бүлдіршіндерге арнап оңалту бөлімі жұмыс істеуде. Ерекше күтімді қажет ететін балаларды әлеуметтендірумен қатар оларға реабилитациялық оңалту жұмыстарын жүргізу барысында пациенттердің денсаулығы жақсарып жақсы нәтижеге қол жеткізген күндерім де болды. Сондықтан ерекше бала тәрбиелеп отырған ата-ананың қуанышы және баланың жаңа өмірге қадам басқандай кейіпін көру мен үшін ол үлкен бақыт.

Бақытымның кілті ол өзімнің таңдаған мамандығымнан қателеспегенім және маған сенім артқан кішкене баланың үміті деп білемін. Ерте оңалту – жарқын болашақтың кепілі. Сондықтан денсаулыққа аса мұқият болып, тірек қимылы бұзылған ерекше адамдар реабилитациялық емге аса мән беріп, жауапкершілікпен қараса нәтижелі жұмыс болар еді. Ал дәрігердің мойнына үлкен жүк артылады. Себебі адам жанының арашасы – дәрігер. Өзімнен кейінгі жас буын – медицина саласының өкілдері басқаларға үлгі боларлықтай жұмыс істеп, өз қызметін бар мейіріммен атқару керек екенін ұғынса, ел медицинасы жақсы дамиды деген сенімдемін.

Айжан АЙМАҒАНБЕТОВА,

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығының реабилитолог-дәрігері

Халық педагогикасы – сан ғасырлар бойы ата-бабамыздың жинақтаған тәжірибесі негізінде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық тәрбиенің жиынтығы. Бүгінде ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағы саналатын бесік жырының ұрпақ сабақтастығындағы маңызы неміңдалан тұр. Алайда заманның ағымына қарай «Бесік жырының» тәрбиелік мәнін жете түсінетін аналар азаюда. Бала тәрбиесінде мәңгілік жырланатын тақырып «Бесік жыры» күрмеуі шешілмеген мәселе.

БЕСІК ЖЫРЫ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕМІЗДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Інгәләп бесікте жатқан сәбиге бесік жырының тигізер пайдасы сан алуан. Дегенмен оның басты қызметі – сазды әуен мен ырғақты сөзді бесік тербелесіне ыңғайластыра отырып, баланың рухани жан дүниесін байытып, санасына ұлттық тәрбиенің нәрін сіңіріп өсіру. Десе де бүгінгі технология қарыштап дамыған заманда бесіктегі баласының құлағына бесік жырын құйып өсіретін аналар мен әжелер көп емес. Бұл өз кезегінде болашақ ұрпақтың халық педагогикасынан қол үзіп, ата тарихын ұмытып, ұлттық құндылықтарымыздың аяқ асты болуына әкеп соқтырады. Бұл туралы батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндер азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп қорқамын...» деп бесік жырының бала тәрбиесіндегі маңызының зор екендігін айтады.

Академик В.Бехтерев «баладағы невроз ауруының алдын алу үшін бесік жырын тыңдату керек» деген. Ал психолог В.Леутин «Бесік жырын тыңдау мидағы нейронның дұрыс дамуына түрткі болады» дейді. Америкалық ғалым С.Гроф «Beyond the brain» деген кітапта бесік жыры баланың психотерапиялық аурудан жазылуына ықпал ететінін ескертеді. Сондықтан бесікте жатқан сәбиді бесік жырының нәрімен сусындатып өсірудің маңызы зор. Алайда бүгінде көптеген ана баласының жанына ұялы телефоннан түрлі заманауи әндерді қосып қойып, өз тірлігімен айналыса береді. Бұл баланың тыныштығын қамтамасыз еткенімен, денсаулығына орны толмас зиян келтіретіндігін біле бермейтіні анық.

«Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші, қай кезде де өз замандастарынан озып алға шыққан, елі үшін қалтқысыз қызмет еткен, білімімен талай шыңды бағындырған біртуар тұлғалар балалық шағы туралы айта бастаса «Бала күнімде әжем мені жанына алып бесік жыры мен ертегілерді айтып ұйықтатып, қызық қисса-дастандар мен батырлар жырын баяндап отыратын» деп жатады. Әжесі Зерден тәлім-тәрбие алған хәкім Абайдан бастап ХХ ғасырда халқымыздың шоқ жұлдыздарына айналған ұлт зиялыларының түгелдей дерлік дәстүрлі тәрбие мектебінен тәлім алғандығы анық. Оған мысал: Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» кітабында жастайынан аңыз-ертегі естіп өскенін айта келіп, әжесін өмір жолында кездескен ұстаздарының бәрінен де жоғары қояды. Сондықтан келешегіміздің кемел, болашағымыздың жарқын болуы үшін бала тәрбиесінде жетекші рөл атқаратын аналар мен әжелер сабилерді бесік жырымен әділдеп өсірсөз дейміз.

Айару БАҚЫТҚЫЗЫ,

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі «Филология» бөлімінің студенті

Ақтоты ЗӘРІП:

Алар асуым АЛДА

Спорттың қай түрі болса да қажымас қайрат пен қажырлы еңбекті қажет етеді. Онымен кәсіби түрде айналысатын кез келген адам моральді және физикалық тұрғыда мықты болу қажет. Себебі бәсекеге толы бұл салада «сыну» қауіпті. Десек те нәзік жан бола тұра, қайсарлығымен спорт саласындағы сындардан сәтті өтіп жүрген қазақ қызы көп. Осы орайда болашағын дзюдо саласымен ұштастырған ҚР спорт шеберлігіне үміткер Ақтоты Зәріптен сұхбат құрдық.



– Еліміздің атынан Әлем чемпионатына қатысып, күміс жүлдені қанжығаладыңыз. Осы бір тартысты кезең туралы айтып берсеңіз. Қарсыласты алдын ала зерттейсіз бе?

– Өзім алғаш қатысқан әлем чемпионаты тартысқа толы болды деп айта аламын. Грекияның Салоники қаласында өткен осы бәсекедегі жетістігіміз орны ерекше. Алғашқы белдесуімде французиялық спортшыны 8-0 есебімен жеңіп, келесі кезеңге өттім. Одан кейінгі қарсыластарым Өзбекстан, Марокко және Украина ұлтының палуандары болды. Әр спортшы өз елінің туын желбіретіп, күллі жұртшылыққа халқының қаншалықты мықты екендігін дәлелдегісі келеді. Осы әлем чемпионатында барымды салып, қазақ елінің жеңіс қоржынына күміс медальді сыйладым. Бұл менің асар асуымның, бағындырар белесімнің тек бастамасы деп білемін.

– Спорттың қай түрін алып қарасатқа, қыз баласына жат көрінеді. Ата-ананыз, достарыңыз бұл спортпен шұғылдануыңызды қалай қабылдайды? Көптің көкейінде қалыптасып қалған осы бір стереотип туралы не айтасыз?

– Негізі көп ата-ана қызының дзюдо, бокс, күрес және тағы да сол сияқты қауіпті спорт түрімен айналысқанына қарсылық танытады. Оның да жөні бар, әрине. Расымен, спорт қыз баланың болмысын қатайтып, қатқылдық пен жаужүректілікке бейімдейді. Бірақ бір қызығы менің анам мен әкем, достарым сынды жақын адамдар спорт саласын таңдап, осы бағытта дамуыма жақсы көзқараспен қарады. Бұл саланың қиындығын білсе де, әрдайым қолдау білдіреді. Керісінше, мені және менің болмысымды мүлде білмейтін адамдар осы салада жүргеніме сын көзбен қарайтын. Бұл өзі бұрыннан қалыптасып қалған дүние. Әр адамның таңдауы мен қалауы бөлек. Мен спортпен айналыссам да, бойымда бойжеткенге тән нәзіктік те бар. Барлық жағынан үлгеруге тырысамын. Кім не деседі, өз бетімнен таймаймын. Спорт – менің сүйікті ісім, жаның қалаған дүниенімен шұғылданудың несі айып?

– «Бос уақытымда кітап оқимын, оның ішінде мотивациялық туындылар жанымға жақын» деген екенсіз бір сұхбатыңызда. Жан-дүниенізге ерекше әсер еткен кітап туралы айта аласыз ба?

– Иә, уақытым болса кітап оқығанды ұнатамын. Соңғы оқыған кітабым Қайрат Жолдыбайұлының туындысы «Кемел адамды» ерекше атап өтер едім. Оған себеп: дүние бір теңіз іспетті. Егер адамның ниеті асыл мұрат пен биік мақсатқа құрылмаса, жарты жолда кемесі тесіледі. Тесілген кеме суға батып, жағаға жете алмайтыны сияқты, ішіне дүние толған жүрек те биік мақсатқа жете алмайды. Бұл кітап оқуға да, түсінуге де жеңіл. Бұл туынды қазақ зиялыларының дана ойлары мен құнды мағлұматтарға толы болды. Өмірді тереңірек түсініп, оны мағыналы етуге бейімдейтін секілді. Одан бөлек қыз балалардың құндылығы туралы һәм діни кітаптар оқығанды ұнатамын.

– Жетістіктерге қандай күш жетелейді? Өзіңіздің спорттық ұстанымыңыз туралы айтып берсеңіз...

– Әрбір жеңіс – еңбек пен тердің арқасында келеді. Дзюдодан бөлек самбо және қазақ күресімен айналысамын. Осы уақытқа дейін бірнеше дүркін Қазақстан чемпионы және жүлдегері атандым. Одан бөлек, спартакиада ойындарының жеңімпазы және жүлдегері, самбодан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, дәл осы спорт түрінен Азия чемпионатының қола жүлдегері, қазақ күресінен Қазақстан кубогінің жеңімпазы болдым. Мұның бәрі тынымсыз еңбектің арқасы. Жаттығуларды қалт жібермеймін, сол үшін де еңбегім зия кетпесін деп әрқашан жеңіс тұғырынан көрінгім келеді. Бұл менің ғана емес, әр спортшының арман-тілегі. Мен де пәндімін, менің де жеңіліс тапқан, ұнжырмаған түсіп, үйіме қайтқан кездерім болды. Дегенмен жеңіс бар жерде жеңілістің де қатар жүретінін білемін. Бір рет ұту – ауырталықсыз тағы да ұтуды білдірмейді, бұл ұтылуға да қатысты. Жеңіліс тапқан кезде сынып қалуға болмайды. Сол үшін алдын ала бәрін көтере білу керек, осы кезеңге дайын болу қажет. Менің ең басты қағидамның бірі – тоқтамау. Тоқтаусыз әрекеттен түбінде

нәтиже шығады. Жарыс алдында өзімді дайындаймын. Сол кезде психологиялық тұрғыда қорқыныш болмайды, күшпен қатар тактикалық жағынан да шымыр боламын.

– Өзіңізді формада ұстап қалу үшін қандай жаттығуларға көп көңіл бөлесіз? Қажытып, спорттан шаршайтын кездеріңіз болды ма?

– Иә, формада жүргендіктен жаттығуды үзбеймін. Жарыс жақындаған сайын өзімді бір қалыпта ұстауға тырысамын. Тек қана жаттығумен шектелмей, өзімді күтемін. Салқын тигізбеуге, ауырмауға тырысамын. Себебі жақсы формада жүріп ауырып қалсақ, дене босап, айлап жасаған жаттығуларымыз зия кетуі мүмкін. Осы үшін көп нәрседен бас тартуға тура келеді. Өмірді тереңірек түсініп, оны мағыналы етуге бейімдейтін секілді. Одан бөлек қыз балалардың құндылығы туралы һәм діни кітаптар оқығанды ұнатамын.

– Спорттағы үлгі тұтар тұлғаныз кім? Ол кісімен бетпе-бет жүздесу бұйырды ма?

– Биыл спорт саласында жүргеніме 12 жылдай болып қалды. Көп спортшылар «қумирім жоқ» деп жатады, дегенмен қандай да болсын бір спорт түріне алдымен адам бір адамның көмегімен келеді ғой. Өзге спортшының ақылы, әдіс-тәсілі, тіпті айтқан сөзі сізге әсер етуі мүмкін. Сол секілді менің ең бірінші үлгі тұтатын адамым – менің жеке бапкерім Жанар Дүйсекенова. Ол кісі маған мектеп бола білді. Бойыма мынадай қасиетті сіңіруіме ықпал етті: бірінші тәртіп, содан соң ғана нәтиже. Айтып өткенімдей, кез келген спортшы жеңіліс табады. Менің де солай жаракат алып, көңілім құлазыған кездерім аз болмады. Сол кезде маған аяққа тұруды, бәрін көтере білуді, уақытылы жүруді үйреткен – менің бапкерім.

– Алдағы уақытқа қандай жоспарыңыз бар?

– Қазір жаттығуым жалғасуда, алдағы уақытта ересектер арасында Қазақстан чемпионаты өтеді. Сол долаға дайындық үстіндемін. Ал одан кейін Әлем және Азия чемпионатына жолдама алып, тағы да көк байрағымызды жеңіс трибунасында көтергім келеді.

– Өңіміңізге рақмет!

Қорлан САРЫ

ДЗЮДОДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРНИР АЯҚТАЛДЫ



Астанада дзюдодан Данияр Макишевті еске алуға арналған жастар арасында халықаралық турнир өтті.

Аталған додада Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Беларусь және Өзбекстаннан 150-ге жуық татами шебері 7 салмақ дәрежесінде өзара мықтыны анықтады.

Жарыстың ашылу салтанатында Қазақстан дзюдо федерациясының атқарушы директоры Айбек Иманов бұл сайыстың бұқаралық спорттағы рөлі зор екенін тілге тиек етті.

– Халықаралық турнир жастарымыз үшін әлем чемпионаты алдындағы маңызды жарыстардың бірі болып саналады. Жанына дзюдо спортын серік еткен марқұм Данияр Макишевті еске алуға арналған халықаралық турнир бұдан кейін де жалғасын табады деп сенеміз. Алыс-жақын шетелден келген спортшылар да шеберліктерін шындады. Жарыс халықаралық оқу-жаттығу жиынымен жалғасады, – деді Қазақстан дзюдо федерациясының атқарушы директоры Айбек Иманов.

Халықаралық турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ақшалай сыйлықтар табысталды. I орын алған спортшыға 500\$, II орынға – 350\$, ал III орынға ие болған жүлдегер 200\$ АҚШ долларын табысталды. Сонымен қатар, «Үздік әдіс үшін» номинациясымен әртүрлі салмақ дәрежелерінде Мұхамедәлі Закиров (Қазақстан), Сардор Еркінов (Өзбекстан) және Жангілек Нұртілепұлы (Қазақстан) Ұйымдастыру комитетінің арнайы ақшалай сыйақысымен марапатталды.

ҚОЛА ЖҮЛДЕ ИЕЛЕНДІ



Иорданияның Хашимит қаласында күрес түрлерінен 17 және 23 жасқа дейінгі балуандар арасында Азия біріншілігі жалғасуда.

Еркін күрес шеберлерінің еншісінде әзірге үш қола медаль бар. Әмір Оразбаев, Ергали Бейбарыс және Бақдәулет Әкімжанов өз салмақтарында үздік үштікке енді.

Балуандарды Азия чемпионатына аға жаттықтырушылар Дәулет Ниязбеков пен Расул Қалиев бастап апарды.

Айта кетелік, грек-рим күресінің шеберлері Азия біріншілігін жалпы есепте үшінші орынмен аяқтады.

ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ WTA ТҮРНИРІНДЕ ТОП ЖАРДЫ



Юлия Путинцева Бирмингем (Ұлыбритания) WTA 250 турнирінің чемпионы атанды.

Қазақстандық теннисші финалда дүниежүзілік рейтингіде 190-орында тұрған аустралиялық Айла Томляновичпен бас жүлдені сарапқа салды.

Бірінші партияда Путинцева үш брейк жасады – 6:1. Екіншісінде 2:0 есебімен алға кетті. Бірақ аустралиялық спортшы қарап қалмай, есепті 5:3-ке жеткізді.

Дегенмен Юлия таразы басын теңестіріп, тай-брейкте жеңісті жұлып алды – 7:6 (10:8).

Осылайша Юлия алғаш рет көгал төсенішіндегі WTA жарысында топ жарды. Бұған дейін ол 2019 жылы Нюрнберг, 2022 жылы Будапешт додасында жеңімпаз атанған еді.

Путинцева енді Бад-Хомбург WTA 500 турнирінде бақ сынады.

EURO 2024: үздіктер бақ сынайтын бәсеке

Қазір әлем жұртшылығының назары Германияда футболдан өтіп жатқан Еуропа чемпионатында. Екі аптаға жуық уақыт бұрын басталған доп додасына көрікұрлықтың 24 үздік құрамасы жиналған. Турнир 14 шілдеге дейін жалғасады.

Ойындар Германияның Берлин, Дортмунд, Дюссельдорф, Майндағы Франкфурт, Гельзенкирхен, Гамбург, Кёльн, Лейпциг, Мюнхен, Штутгарт секілді қалаларында өткізілуде.

Бүгінде ел тұрғындары аңызға айналған аяқдошылардың бәсекесін тікелей эфирде «Qazaqstan» және «Qazsport» телеарналарынан тамашалауда.

«ҚазАқпарат» ақпарат агенттігінің хабарлауынша, Еуропа чемпионатына ең көп ойыншы жіберген командалардың көшін «Манчестер Сити» (Англия) және «Интер» (Италия) бастап тұр. Екі команда құрамынан 13 футболшыдан құрылтық бәсекеде өз елдерінің намысын қорғайды.

Ал Transfermarkt.de сайты құрлықтық додаға қатысатын құрамалар сапындағы ең қымбат футболшылар тізімін жариялады.

Бірінші орынды Джуд Беллингем (Ан-

глия) және Килиан Мбаппе (Франция) өзара бөлісіп тұр. Олардың құны – 180 миллион еуро. Сондай-ақ үздік бестіктегі Фил Фоден (Англия) – 150, Букайо Сака (Англия) – 140, Флориан Вирц (Германия) 130 миллион еуроға бағаланды.

Қалайша Еуропада футбол осынша жоғары деңгейде дамыған? Неге әлем елдері басқа құрлыққа қарағанда Еуропа чемпионатына ерекше назар аударады. Бұл сұрақтардың жауабын журналист Руслан Мелдәубек тарқатып жазды.

– Бірінші себеп – Еуропа футболындағы жоғары бәсеке. FIFA рейтингінде ТОП-10

елдің сегізі – Еуропадан. Чемпионатта әлем осы елдердің тартысына назар аударады. Еуропа доданы бейресми «Бразилия мен Аргентинасыз өтетін әлем чемпионаты» деп те атайды.

Екіншіден, Еуропа футболында ақша көп. Әлемдік брендтер, ірі компаниялар Еуропадағы футбол турнирлеріне ақша салып, жарнама жасағысы келеді. Нәтижесінде, Еуропа чемпионатының жүлде қоры басқа құрлыққа қарағанда көп. Мысалы Еуропа чемпионы болған ел 31 млн доллар алса, Азия чемпионы болған ел 5 млн доллар табады.

Үшіншіден, Еуропадағы Италия, Англия, Испания, Германия, Франция чемпионаттары әлемде үздік саналады. «Реал» мен «Барселонаның», «Манчестер сити» мен «Ливерпульдің», «Милан» мен «Ювентустың» тартысына бүкіл әлем назар аударады.

Төртіншіден, әлемнің үздік футболшыларының арманы – Еуропада ойнау. Мұнда ойыншылар арасында да бәсеке жоғары. Әлемнің мықты футболшысы алатын «Алтын доп» та еуропалық клубтардың ойыншыларына ғана берілген. Мысалы, 8 рет «Алтын доп» иеленген аргентиналық Месси бұл марапатты «Барселона» ойыншысы ретінде алды.

Бесіншіден, Еуропадағы футбол инфрақұрылымы мен стадиондары сапада. УЕФА сапасы нашар стадиондарда мүлде ойнатпайды. Бұған қоса Еуропадағы барлық елде футбол ең танымал спорт болып саналады. Міне, осы факторлар Еуропада футболды танымал етіп тұр, – дейді ол.

Сан жанарды жаулаған спорттық доданың ерекше болуының ең негізгі себептері осы болса керек. Бұған тұн ұйқысын қиып футбол тамашалайтын жанкүйерлер не дейді екен?

А.НҮРТАЙҚЫЗЫ



басы 1-бетте

Сонда қырашы «базар жоқ», «базар жоқ» жарайсының айтып, оларды орнына қойып тастаған. Сосын анау кінәлі болғасын аташқа оны сұщьякка жұмсап жіберген» деп тұратын секілді. Енді салыстырыңыз, қайсысы құлаққа жағымды, көңілге қонымды екенін. Мойындағымыз келмесе де, бүгінгі жастардың «сленг» деп отырған жаргон қосып сөйлегендері осындай.

«Сәнді сөздің» МӘНСІЗ МАҒЫНАСЫ

Әр жаргон сөз өзінің түпкі мағынасынан ауытқып, басқа мағына беріп тұрады. Өз-өзін түсіндіріп тұратындары бірен-саран. Сол себепті кейбір жаргон сөздерді сіздерге ұсынып отырмын. Тек өзін ғана емес, жастардың көбі тез түсініп қоятын түпкі мағынасымен бірге. Бірінші «қулаққа лапша ілу» – өтірік айту, «маяк тастау», «гудок тастау» – қысқа ғана қонырау шалу, «тормозы ұстап қалды» – бір жағдайдан шешім таба алмай қалды, «жындыларский зат» – ынғайсыз зат, «ботан» – зерделі адам, «тормозы ұстап қалу, зависать ету» – бөгеліп қалу, «базар жоқ» – сенімді болу, «толпамен келу» – көпшілікпен келу, «типаж болу, блатной» – өзімізді, өркөкірек, «косякка кіру» – ынғайсыздыққа тап болу, «шпор жасау» – жауап парағын дайындау, «ауру» – адамға маза бермейтін адам, «қуғынбай» – артық сөйлеп кеткен, мылжың, «сасымашы» – босқа сөйлемуе, «қырашы бар» – танысы бар, қолдау көрсететін ағасы бар, не керек, осы сынды тағысы тағы толып жатқан жаргон сөздер. Жіптіктей жіпке тізе берсең, түбіне жеткізбейсің. Бірнеше жаргон сөздің айтылуына қарай мағынасын ашып көрдім. Байқағанымыздай, айтылуы бөлек, мағынасы басқа.

Осы орайда ойыма келгені жаргон сөздер заманауи тұрақты сөз тіркестері секілді. Тұрақты сөз тіркесі, фразеологиялық тіркес – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер екені қазақ тілі пәнінен белгілі. Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмсалады, олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді. Жаргон сөздер де солай. Тек айырмашылықтары тұрақты сөз тіркесі міндетті түрде екі сөзден кем болмайды. Ал жаргон сөз дара күйде келе береді. Тұрақты тіркестер тілге әлемі, ойлы, кейбірі астарлы, көркем күйде келсе, заманауи тұрақты тіркестер тым құнарсыз, қанықтық жоқ, өзге елдің тілдері шұбарланған, көбінесе ауызекі сөйлеуде ғана кездеседі. Әрине, қазақтың алтынға бергісіз, бабасынан қалған тұрақты сөз тіркесі жаргон сөздермен салыстыруға да тұрмайды дерсіз, бірақ әр дәуірдің өз әдебиеті болады. Бүгінгінің әдебиеті болашақта жаргон сөздермен былғанып кетпеуімен күресуіміз керек. Бұрынғылар керемет тұрақты тіркестерді тауып айтып кетті. Ал сіз «болашақта жаргон сөз қалдырып бара жатырмын» деп ойламайсыз ба?

Осының бәрі ойландырады, «паразит сөздер ел арасына қалай тез таралып кетіп жүр?» деген сұрақ туындайды. Жаргон сөздердің қалай пайда болатыны бәрі сұрақ. Бір көзі, ел арасына «сленг» сөздер әзіл-оспақ қойылымдары арқылы танылып кетіп жатады. Оған мысалдар да көп. Сериал мен театрлардың әр әзілі ел ішінде жаргон ретінде айтылып жүр. «Жайдарман» жастары да әзіл арасында жаргон айтып тұрғандарын өздері байқамай қалып жатады. Халықты тәрбиелейтін бір орын сахна мен кино болғандықтан, әр сөз өз орнымен қолданылуы шарт және оны қатаң бақылауда ұстамақ, қалыпты тіліміздің өзі шала, шұбар күйге ұшырай беретіні хақ.

«Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгірт» деген мақал бар. Қазақтың мәңгіртін онсыз да аз емес. Солардың қатары көбеймесін десек, жаргон қосып сөйлеудің кең етек алып кетуін осы бастан тыюмыз керек.

Айдар САЙЛАУОВ

БҰҰ Бас ассамблеясының бастамасымен 2022 жылдан бастап халықаралық дипломатиядағы әйелдер күні атап өтіледі. Бұл мереке 24 маусымда тойланады. Халықаралық дипломатиядағы әйелдер күні – мерекелік бір күн емес, бұл тарихта із қалдырған, болашақта жана парак ашатын әйелдердің қажырлы еңбегін көрсету, құрметтеу.

Дипломатиядағы нәзік жан-дар – нақтылық, даналық пен табандылықтың керемет үйлесімі. Әлемнің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүрген әйел дипломаттар өздерінің кәсіби шеберліктері, шексіз қайраттылығы және өздеріне деген сенімімен жетістікке жетіп, биік белестерді бағындыруда.

Мереке қарсаңында еліміздегі БҰҰ өкілдігі және Қазақстандық қоғамдық даму институты бірлесіп Астанада «Кедергілерді еңсеру: дипломатиядағы әйелдер» тақырыбында панельдік талқылау ұйымдастырды.

– Ұзақ жылдар бойы әйел елшілердің саны айтарлықтай төмен болған еді. 1968 жылы олардың үлесі 20 пайызды ғана құраған. Бүгінде ірі дипломатиялық қызметтерде әйелдердің үлесі 50-70% аралы-

ғында. Қазақстан осы бағытты ұстанып келеді, өйткені БҰҰ-ға өкіл ретінде ең көп әйел дипломатты тағайындаған ел – Қазақстан, – деді БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори.

Қазақтан шыққан тұңғыш дипломат қыз

Саясаткерлер мен дипломаттардың алдын орап, қайсар мінсізмен ел жадында қалған батыр қыздардың бірі – Балжан Бөлтүрікқызы. 1921 жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қасық аумағында дүниеге келген Балжан 1941 жылы Алматыдағы мұғалімдер институтын, ал 1943 жылы Қазақ педагогикалық институтын тәмамдаған.

1949 жылы Қазақ КСР орта және бастауыш мектептері қызметкерлері кәсіподағының Орталық Комитетінің төрағасы болып сайланды. 34 жасында Қазақстанның әлеуметтік қамсыздандыру министрі лауазымына тағайындалған. Тарихқа үнілсек, ол кезеңдерде нәзік

ӘЙЕЛ

ДИПЛОМАТТАРДАН ҚҰЛЫҒЫҢДЫ АСЫРУ МҮМКІН ЕМЕС»

Әлемдік аренадағы дипломатиялық қарым-қатынастарда әйелдердің рөлі ерекше бағалануда. Мұны айшықтайтын арнайы мереке де бекітілген.

жандардың басқарушы лауазымына тағайындалуы сирек кездесетін жағдай екен. Ол 1955 жылдан бастап өмірінің 11 жылын республиканың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіндегі жұмысқа арнаған.

Балжан Бөлтүрікқызы – 1966-1971 жылдары Қазақ КСР-інің Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Еңбегінің нәтижесінде Сыртқы істер министрі лауазымына тағайындалды. Азия және Африка елдерінің халықтарымен ынтымақтастық комитеті, кеңес әйелдері комитеті жұмыстарына белсене қатысып, сыртқы саясат саласында биік белестерге қол жеткізді. Министрлік жұмысымен қатар ол БҰҰ Бас Ассамблеясының сессияларына үнемі қатысып, пленарлық отырыстарда ел атынан сөз сөйлеу мүмкіндігіне ие болған Қазақстанның алғашқы әйел дипломаты.

Ол туралы АҚШ-тың білікті саясаткері, Бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Генри Киссинджердің өзі «Еркек дипломаттарды қалай да алдауға болады, бірақ әйел дипломаттардан қулығыңды асыру

мүмкін емес. Дипломатия – білектіңі бүтетін өнер», – деген.

Көрнекті мемлекет қайраткері, «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталған Балжан Бөлтүрікқызы қай кезде де халықаралық форматтағы түрлі дипломатиялық алаңдарға қатысып, Жапония, АҚШ, Корея, Швейцария, Чехословакия, Сирия, Египет сынды елдерге Қазақстанды жоғары дәреже көрсете білген. Көп жылғы еңбегі үшін үш орден, жеті медаль, оның ішінде «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалімен, республиканың және одақтас қоғамдық ұйымдардың Құрмет грамоталарымен марапатталған. Балжан Бөлтүрікқызы есімі мен өмірбаяны Кембриджде, Қазақ энциклопедиясында басылып шығарылатын халықаралық анықтамалықта жарияланған.

Осылайша Қордайдан шыққан Балжан апа Қазақстанды ғана емес, әлемді бағындырған әйел.

Інжу МАРЖАН

ҚЫЗ КҮНДЕЛІГІ



ҰНАТАМЫН мен сені

Бала махаббат, мәңгілік махаббат, шынайы махаббат деп жатамыз ғой, осылардың ішіндегі ең тұрақтысы, адал көңілмен, ешбір арам ойсыз, астыртын ниғылсыз, пайда үшін емес шын көңілмен ұнататыны бала махаббат екен десем сенер ме едіңіз? Иә, бұған әу баста өзім де сенбедім, қазір, міне, сенбеске шара жоқ, көзімді әбден жеткізді.

Өмірдің қиын тұстарын көрмейтін, өмірге тек күліп, жеңіл қарайтын, есейуді ансайтын балғын балалық шағымыз. Бастауыш сыныпта оқимыз. Бала махаббаттың мәңгілік, шынайы махаббат екеніне көзімді жеткізген Ол орта бойлы, кең маңдайлы, аққұба келген бала еді. Екеуіміз бір сыныпта оқимыз. Мектепте бір бала мені мазак етіп, келеке қылса, солармен шексізге дайын тұратын. Қыздармен өзге келіп қалсақ та менің жағымашымыз, сөзімді сөйлеп, дұрыс айтқандығымды дәлелдеумен әлек болатын. Тақтаға шыққандықтан да ол үшін мен шығарған есептің бәрі дұрыс, жазған әр сөзім қатесіз еді.

Мектептен қайтар кезде қояр да қоймай сөмкемді өзі көтеріп алып, «Саған ауыр болады, жүр мен алып жүремің», – деп сылтауратып үйге дейін бірге келетін. Сонда жасымыз онға әлі келе қоймаған да болу керек. Кіп-кішкентай бала қалай мұншалықты біреуді жақсы көріп, ол үшін батыл қадамдар жасайды екен? «Ой, сіздерде романтика болмаған ғой», – дейді. Романтика бізден қалған, әр күні үстелімнің үстіне тәтті шоколадтар, қолдан жасалған небір раушан гүлдерін қалдырып кетуші еді. Сонда кішкентай бала көңіл ересектерге тән осы бір әрекеттерді қайдан, кімнен үйренді екен?

Балалық шақ батыл қадамдармен қатар,

батыл сөздер айтудан да қорықпайтын, ойды бүкпесіз, ешбір өңдеусіз айтатын кез ғой. Сен соны білемісің дегендей, әр күні қасыма келіп, «сені ұнатамын» деп айтып жүруші еді.

Мүмкін, ақымақтық дерсіз, мен сезімді ақылға құратынмын. Ешқашан біреуге құштар болып, оны өліп-өшіп сүйемін. Ол балаға деген сезімді де ақылмен сабақтастырып, оны шынайы, кіршіксіз көңілмен сыйлайтынмын, кәдірлейтінмін, бірақ оған мектеп бітіргенше өзі күткен «мен де сені ұнатамын» деген сөзді айтпадым, айту қолымнан келмеді.

Мектеп бітірген соң ол әскерге кетті. Ол жақта жүріп те үнемі хат жолдауын тоқтатпады. Келген соң үйленуге ұсыныс та жасады. Оны қанша ренжітуге тырысса да, сол күнгі менің оған берген жауабымнан кейін мүлдем көріспей кетті. Мен қалаға оқуға кеттім, ол ауылда қалды.

Содан бері, міне, 22 жыл өтіпті. Жоғары оқу орнын аяқтадым. Белді, беделді орындарда да қызмет еттім. Өзім қалағанда махаббаттымы ақылмен сараптап тұрмыс құрдым. Жолдасым екеуімізде бір-бірімізге деген ынтық сезім болмаса да, сыйластық бар. Құдай берген бір ұл, бір қызымыз бар.

Ауылыма арасында төркіндеп барып тұрамын. Сыныптастарымды сұрай бастағанда

кезіндегі сол бала туралы да ұмытпаймын. Ол да үйленіпті, сұлу келіншегі, үш қыз, бір ұлы бар екен. Ауылдың сыйлы азаматы болып, мектепте қызмет жасайды.

Біздің ауылымыз шағын ғана, бір отбасы той жасаса, сол тойдан іздеген адамының бәрін табасын. Ауылға бір келгенімде сондай тойдың үстінен түстім. Құтты болсын айтып үй иелеріне кіріп шықпақ болғандым да сол маған ғашық болған жігітті араға қаншама жылдар салып кездестіріп қалдым. Сол сымбатты қалпы, жас келген соң біраз ет жинап толған екен. Жанында өзінен айнымайтын сұлу, жасы он сегіздер шамасындағы бойжеткен бар. Иә, бұл қыз – оның тұңғышы, қызығы қыздың есімі де менімен аттас екен.

Ол сол күні мені үйіне қонаққа шақырып, әйелім, балаларым таныстырды. Өткен-кеткен оқиғаларды біраз әңгімеледік.

Сол кеште ол маған әдеттегідей «Мен сені ұнатамын» емес, «Мен сені ұнатқанмын», – деді.

Айдана ЖАЛҒАС,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін даярлау мамандығының студенті

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айдар САЙЛАУОВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 7089
Тапсырыс: 1004